

ӘУЕЗОВ УНИВЕРСИТЕТІ

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің газеті

№61 (226), қаңтар, 2025 ж.

Технология flipped classroom

5

Спорт – тәрбиенің бір саласы

10

Жаңа бастама бастауы

18



ҚЫСҚЫ СПАРТАКИАДА ЖЕҢІМПАЗДАРЫ МАРАПАТТАЛДЫ

М. Әуезов атындағы ОҚУ-да профессор-оқытушылар құрамы және қызметкерлерінің арасында өткен қысқы спартакиада марапатына жетті. Бәсекеге 16 команда қатысып, спорттың 7 түрінен сайысқа түсті. XXVII қысқы спартакиаданың жабылуы салтанатты түрде өтіп, жеңімпаздарды М. Әуезов атындағы ОҚУ-дың Басқарма төрағасы-ректордың м.у.а. Фани Бесбаев марапаттады. Фани Әбзелбекұлы барша қатысушыларды құттықтап, дәстүрлі сайысқа алдағы уақытта спорттың өзге де түрлерін қосу жоспарда бар екенін атап өтті.

Футболдан:

- 1 орын – «Механика және мұнайгаз ісі» факультеті;
- 2 орын – «Химиялық инженерия және биотехнология» ЖМ;
- 3 орын – «Ақпараттық технологиялар және энергетика» ЖМ.

Волейболдан:

- 1 орын – «Мәдениет және өнер» факультеті;

Екі апта қатысушы командалар үшін тартысты да қызықты, жарқын эмоцияларға толы болды. Аукымды іс-шараның тымақтастықты нығайтты, ауызбіршілікті және жеңіске деген жігерді көрсетті. Нәтижесінде, жалпы командалық жарыста I орын – «Жаратылыстану ғылымдары және педагогикалық» ЖМ, II орын – «Ақпараттық технологиялар және энергетика» ЖМ, III орын – «Заң» факультетіне бұйырды. Ал,

2 орын – «Жаратылыстану ғылымдары және педагогикалық» ЖМ;

Жүзуден:

- 1 орын – «Ақпараттық технологиялар және энергетика» ЖМ;
- 2 орын – «Сәулет, құрылыс және көлік» факультеті;
- 3 орын – «Мәдениет және өнер» факультеті.

Тоғызқұмалақтан:

- 1 орын – «Сәулет, құрылыс және көлік» факультеті;
- 2 орын – «Химиялық инженерия және биотехнология» ЖМ;
- 3 орын – «Жаратылыстану ғылымдары және педагогикалық» ЖМ.

Шахматтан:

- 1 орын – «Жаратылыстану ғылымдары және педагогикалық» ЖМ;
- 2 орын – «Заң» факультеті;
- 3 орын – «Тоқыма және тамақ инженериясы» ЖМ.

Гир көтеру:

- 1 орын – «Заң» факультеті;
- 2 орын – «Ақпараттық технологиялар және энергетика» ЖМ;
- 3 орын – «Жаратылыстану ғылымдары және педагогикалық» ЖМ.

Арқан тарту:

- 1 орын – «Жаратылыстану ғылымдары және педагогикалық» ЖМ;
- 2 орын – «Ақпараттық технологиялар және энергетика» ЖМ;
- 3-орынды – «Заң» факультеті алды.

Сайысқа қатысушыларға алғыс хаттар және қаржылай сертификат табысталды. Ауыспалы спартакиада кубогы жеңімпаз командаға табысталды. Іс-шараға белсенді қатысқан барлық қатысушыларға алғыс айта отырып, жеңістерімен құттықтаймыз!





UneMediaX25 ІС-ШАРАСЫ АЯСЫНДА БАСПАСӨЗ ХАТШЫЛАРЫ БАС ҚОСТЫ

Астанда қаласында UneMediaX25 іс-шарасы аясында еліміздегі ғылым және жоғары білім саласындағы баспасөз хатшыларына арналған семинар-тренинг ұйымдастырылды. «Жаңа медиа кезеңінде университет имиджін қалыптастыру: жаңашылдық пен стратегиялар» тақырыбында өткен семинарға Қазақстандағы ЖОО, ғылыми институттар және өзге де ғылыми ұйымдардың мамандары қатысты. Әуезов университетінің осы салаға жауапты өкілдері осы ортадан табылды.

Мақсаты – баспасөз хатшыларына медиа және коммуникация саласындағы заманауи әдіс-тәсілдерді үйрету, тәжірибе алмасу және біліктілікті арттыру.

Басқосуға еліміздің Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек қатысып, саладағы атқарылып жатқан жұмыстарымен қатар, Қазақстанды академиялық хабқа айналдыру, жастарға сапалы білім беру, нарыққа бейім мамандар даярлау, жоғарғы білім берудегі интернацияландыру бойынша ойларымен бөлісті. Осы тұста атап өтетін мәселе, осыдан бір-екі жыл бұрын елімізде жылына 620 мың студент білім алса, қазіргі статистика 680 мың. 2029 жылға қарай болжам 1 млн. Олардың барлығын мемлекет-

тік грантпен толық қамту мәселесі өзекті. Сондықтан болашақта жастардың жоғары білім алуында «Келешек», «Ұлттық қор балаларға» секілді жаңа бағыттарды халыққа түсіндіруде ақпаратты жаңа форматта жеткізудің маңыздылығы да талқыланды.

Семинар-тренингтің модераторы ҚР ҒЖБМ Қоғаммен байланыс департаментінің директоры Олжас Беркінбаев болды. Алғашқы күні ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің БАҚ саласындағы мемлекеттік саясат департаментінің директоры Қайнар Ахметов, «ZERDEL» ақыл-ой дамыту орталықтары мен мектептер желісінің негізін қалаушы Мәуіт Ырысбек, PR саласының тәжірибелі мамандары Дамир Ас-



пан және Әсел Серікпаева тәжірибелерімен бөлісті.

«Жоғары білім саласындағы жаңашылдықтар мен өзгерістер» тақырыбында ҚР ҒЖБМ Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім комитеті төрағасының орынбасарлары

–Ақерке Абылайхан және Жанна Есинбаева баяндама оқыды.

Семинар аясында ҚР ҒЖБМ Қоғаммен байланыс департаменті өкілдерінің «PR саласындағы тұлға және аудиториямен жұмыс істеу тәсілдері», «Сапалы

медиа-контент құру: Ғылым және жоғары білім жаңалықтарын кең аудиторияға жеткізу», «Ақпаратқа қол жеткізуді үйлестіру және ресми сайтпен жұмыс», «Баспасөз қызметіндегі жаңа технологиялар және медиа мүмкіндіктер» тақырыбында дәрістер жүргізді. Дәрістер мен шеберлік-сабақтарынан қатысушылар жаңа медиа кезеңінде университет имиджін қалыптастыру, баспасөз хатшыларының қоғаммен сауатты қарым-қатынас орнатуы, БАҚ өкілдерімен жұмыс, кризистік жағдайларда жұмыс істеу барысынан көптеген жаңа мағлұматтарға қанықты.

Семинар соңында барлық қатысушыларға сертификаттар тапсырылады.

“АБАЙТАНУ” ЗАНЯЛО ПРИЗОВОЕ МЕСТО

В результате II Национального конкурса «Global Scicall: Фонд новых знаний», проведённого в 2024 году международными издательствами Алматы-Москва «EDP Hub» и IPR MEDIA, на номинацию Лучшего учебника и учебного пособия среди ученых-педагогов ВУЗов - руководитель Научного центра «История и этнология» ЮКУ имени М.Ауэзова, автор учебного пособия «Абайтану» Торгаутова Шолпан, вошла в тройку призовых мест и заняла III место из 76 работ по направлению «общественные и гуманитарные науки».

Согласно официальному положению конкурса, работы, которые вошли в призовую тройку, будут изданы и опубликованы в электронном формате со всеми выходными сведениями печатного издания, с присвоением всех необходимых номеров и индексов, включая ISBN. Кроме того всем участникам конкурса будут направлены сертификаты о публикации, благодарности на имя руководителя ректора/директора образовательного учреждения (ВУЗ/колледжа) и сертификаты участника Национального конкурса. Также работы будут опубликованы на наших международных образовательных платформах с трехмиллионной читательской аудиторией, а метаданные будут направлены в РИНЦ - E-Library (15 млн. читателей), что существенно повлияет на популяризацию и рейтинг издания. В течение месяца с момента объявления итогов каждой работе будет присвоен индекс DOI, от которого зависят наукометрические показатели ученого.

АССОЦИИРОВАННОМУ ПРОФЕССОРУ ДАЛИ НАУЧНОЕ ЗВАНИЕ

Хотим сообщить еще одну хорошую новость для нашего университета! Растет число ученых, получивших научное звание профессора.



Сарыпбековой Нурсулу Кошенкызы, кандидату химических наук, приказом №42 от 21 января 2025 года присвоено звание 20400 - доцент химической техники.

Кандидату химических наук и специалисту в области высшего образования Асылбековой Дине Дуйсенбеккызы указом № 44 МОН РК, в рамках развития науки и высшего образования, присвоено научное звание 20400.

Мы поздравляем наших коллег с достижением этих значимых целей и желаем дальнейших успехов в научной деятельности!



Поздравляем!

Колесников Александр Сергеевич, кандидат технических наук, ассоциированный профессор Южно-Казахстанского университета имени М.Ауэзова, вошел в ТОП 2% лучших ученых по данным Elsevier в списке Стэнфордского университета.

Поздравляем от всей души ученого с достижением и желаем дальнейших успехов в науке!

«ҰЛТАРАЛЫҚ ТАТУЛЫҚ ПЕН ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ НЕГІЗГІ ҚҰНДЫЛЫҒЫМЫЗ»

Биыл – Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылғанына 30 жыл. Бірлік, татулық және ынтымақ – елдігіміздің мызғымас тұғыры һәм мемлекетіміздің басты құндылығы. Қазақстан халқы Ассамблеясы міне, осы идеологияны сеніммен, жүйелі жүзеге асырып келеді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та былтыр аталған ұйымның «Бірлік. Жасампаздық. Өрлеу» атты XXXIII сессиясында барша халқымыздың стратегиялық бағдарының түпкі мәнін осы үш ұғым дәл әрі нақты білдіретінін, ел саясатының бұлжымас бағдары болып қала беретінін айтты.

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті «Тұлға дамыту және Қазақстан халқы Ассамблеясы» орталығының ұйымдастыруымен Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығына орай «Ұлтаралық татулық пен ынтымақтастық негізгі құндылығымыз» тақырыбында республикалық дөңгелек үстел өтті. Жиында ұлтаралық татулықты нығайту жолдарының ғылыми-теориялық негіздері мен ынтымақтастықтың маңыздылығын көрсетіп, бірлік пен тұрақтылықты сақтаудағы әр этностың үлесін атап өтті. Жастар арасында толеранттылық, достық және өзара түсіністік құндылықтарын ілгерілетудің әдістемелік негізі мен жолдары сөз болды. Сарапшылар мен қатысушылар арасында ұлтаралық қарым-қатынастардың өзекті мәселелерін талқылады. Сондай-ақ, татулық пен ынтымақтастықты дамытуға арналған ұсыныстар жасалды. Бұл іс-шара қоғамдағы татулық пен тұрақтылықты сақтауға және нығайтуға бағытталған пікірталасу алаңы ретінде қызмет етеді.



ҰЛТ ТАРИХШЫСЫ ҰЛЫҚТАЛҒАН КЕЗДЕСУ

Елімізге белгілі тарихшы ғалымдар, атап айтқанда, Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Бас директоры, т.ғ.д., профессор, ҚР Ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі Зиябек Ермұханұлы Қабылдинов және аталмыш институт директорының қоғаммен байланыс жөніндегі орынбасары, аға сарапшысы, т.ғ.к. Әуезхан Кәдіржанұлы Шашаев Шымкент қаласына іссапармен келді. Ел тарихының түгенделуіне сүбелі еңбектерін қосқан тарихшылармыз сапар аясында М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті колледжі оқытушыларымен жүздесті. Тарих ғылымдарының докторы, профессор, колледж директоры Сейдехан Нұрмаханұлы Әлібек қонақтарды оқу ордасының тынысымен таныстырды.



Ғалымдар колледжде кездесуде тарих ғылымы жайында тереңнен сөз қозғап, рухани әңгімелердің тиегін ағытты. Зиябек Қабылдинов білікті мамандардың көбінің алғашқы білім нәрі колледждерден сусындайтынын атап өтіп, мұндай кездесулерді колледждерде жиі ұйымдастырылғаны дұрыс деген ұсынысын айтты.

Бұл кездесудегі көңіл қуантар жағдайдың бірі – 1956-1982 жылдар аралығында Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтында тарих ғылымының жандану жолында 26 жыл елеулі еңбек еткен Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі және вице-президенті, Қазақ КСР Мемлекеттік сый-

лығының лауреаты, тарих ғылымдарының докторы, профессор Ақай Нүсіпбековтің 115 жылдығына орай дайындалған V томдық еңбектер жинағының тұсауы кесілді. Сондай-ақ жинақты оқу орнына сыйға тартқандығы барша оқытушыларды қуанытты.

Әуезхан Кәдіржанұлы Шашаев Ақай Нүсіпбековтің өміріне кеңінен тоқталып, бұл бес томдық еңбектің дайындалуы Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ұжымының түгелдей жұмылуымен істелген шаруа екендігін атап өтті. Сонымен қатар, ел үшін еңбек еткен А. Нүсіпбековтей ерен тұлғаны ұлықтау айтулы институттың дәстүрлі жолы екенін айта келіп,

2019 жылы А. Нүсіпбеков атындағы мемориалды кабинет ашылғандығын, жыл өткен сайын ғалымның ғылыми мұраларын жаңа қырынан зерттеу жұмыстары мен конференциялар жиі болып тұратындығын баяндады.

Кездесудің колледж ұжымын тағы бір желпіндірген тұсы – Зиябек Қабылдинов ағамыздың құттықтау сөзі болды. Яғни, Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты барлық облыстармен, өңірлермен тығыз байланыста бола отырып, әсіресе, ел тарихының толықтануына, жандануына жүйелі жұмыс жасау үшін әр облыстардан институттың өкілдіктерін сайлайтындығын ұғындырды. Сонымен қатар, Түркістан облысы, Шымкент қаласындағы өкілі ретінде тарих ғылымдарының докторы, профессор Сейдехан Нұрмаханұлы Әлібек тағайындалғанын қуанышты көңіл-күймен хабарлап, сахна төрінде құттықтап, қолына куәлік табыс етті.

Сөз соңында бүгінгі кездесуді қорыта отырып, әрі өзіне жүктелген міндетті ойдағыдай атқаратынына сенімділік білдірген колледж басшысы Сейдехан Әлібек «Тарихын білмеген ел – тамырсыз ағаш секілді» деген нақыл сөздің тегін айтылмағанын, сондықтан да әр саланың, әр адамның болсын, бәрінің де тарихқа қатысы бар екенін тілге тиек етті. Ел тарихын жинақтау жолында барлығымыздың, әсіресе, тарихшы мамандардың жемісті жұмыс істеуі керек екендігін, өзі басқарып отырған колледж ұжымының бұдан кейін іргелі институтпен тығыз байланыста болып, жүйелі жұмыс жүргізетінін айтты.

ЭТНОГРАФИЧЕСКОЕ НАСЛЕДИЕ Т.РЫСКУЛОВА

В условиях суверенного развития Республики Казахстан, с ростом и возрождением национального и духовного самосознания народов Центральной Азии, остро возрос вопрос правдивого исследования богатейшего историко-культурного прошлого, глубинных корней казахского народа, представляющего перед представителями научной общественности в фальсифицированном виде. На нынешнем этапе времени особый интерес с общественно-политической, так и научной точки зрения представляет оценка роли исторических личностей в мировой истории.

Одной из наиболее выдающихся личностей в нашей истории является Турар Рыскулов, чья многогранная жизнь и деятельность во благо народа, послужила ярким и неподражаемым примером для молодого подрастающего поколения казахстанской молодежи. Т.Рыскулов был видным общественно-политическим деятелем, крупным ученым – энциклопедистом, историком, экономистом, этнографом, внесшим весомый вклад в развитие и становление многих гуманитарных наук.

К сожалению, в условиях господства жесткой советской тоталитарной системы, по политико-идеологическим соображениям, в научной литературе фактически не упоминалось имя Турара Рыскулова, а если и упоминалось то только в негативном, отрицательном контексте. Практически не изучалось богатейшее научное наследие Т.Рыскулова, в связи с насаждением командно-административной партийной идеологии.

В нынешних условиях суверенного развития Республики Казахстан, Отечественная историческая наука Казахстана, приобрела новое очертание, оценку и оттенок, она вновь возродилось и обновилось благодаря внедренным в жизнь новым инновационным технологиям и методам. Первостепенное значение в Отечественной исторической науке Казахстана приобретает роль исторических личностей. В историческую летопись независимого Казахстана золотыми буквами вписалось имя выдающегося общественно - политического и государственного деятеля Туркестана, видного сына казахского народа Т.Рыскулова.

Немалый интерес для представителей научной общественности вызывает труд Т.Рыску-

лова «Казахстан», вышедшей в свет в середине 1920-х годов XX столетия. В ней автор очень подробно описывает жизнь, быт и культуру своего народа, дает характеристику природно-географическим условиям Казахстана. В работе уделено пристальное внимание исследованию этногенеза и этнической истории казахов, указаны ареалы их обитания, автор упоминает о том, что казахи были разделены на три жуза, с исчерпывающей полнотой раскрывает в полном ракурсе их богатейшую историю, насыщенную важными историческими событиями.

По мнению автора: « казахи являются довольно крепким и здоровым народом. Они среднего роста, телосложение стройное, плечи грудь развиты, волосы черные, прямые и густые, общая выносливость и нетребовательность составляют основную черту казахов. Казахи – живой, практический народ. Религиозный фанатизм у них отсутствует, они обладают развитой памятью, восприимчивостью и общительностью» // Т.Рыскулов Собрание сочинений в трех томах. Том 2. Алматы, 1997. С. 209.

На наш взгляд, оценки Т.Рыскулова правдивы, объективны и научно аргументированы. Это факт свидетельствует о том, что он был глубоким знатоком истории и культуры своего народа.

Т.Рыскулов остановился на социальном положении женщин в казахском обществе. Он пишет: « Казахские женщины играют большую роль в хозяйстве казахов, неся всю внутреннюю домашнюю работу и помогая мужу в уходе за скотом и в полеводстве. Казахские женщины не закрывают лица, как женщины у остальных мусульманских народов, и во взаимоотношениях полов у казахов существует большая свобода» // Т.Рыскулов Собрание сочинений в трех томах. Том 2. Алматы, 1997. С. 210.

По нашему мнению, мы можем видеть, что социальное положение казахской женщины в значительной мере отличалось от положения женщин других мусульманских народов, прежде всего оседлых (узбеков, таджиков, уйгуров). Сама специфика кочевой цивилизации и особенностей образа жизни препятствовала развитию таких социальных институтов, как женское затворничество, изоляция полов друг от друга в трудовой сфере.

В этой же работе Т.Рыскулов дает подробное описание традиционной одежды как мужчин, так и женщин. Кроме того, указывает на их отличия, специфические особенности, детали кройки и шитья. Как отмечает автор: «Одежда казаха довольна однообразна. Нижняя состоит из нижнего белья, костюма (бешмет – сым), верхняя из шапана, подпоясываемого кушаком бельбау куском материи. Из мануфактуры в употреблении больше ситец, бязь, а также некоторое распространение имеет и свое кустарное производство. На ноги надеваются кожаные сапоги или легкая обувь в галошах. На голове казахи носят тюбетейку такия и шапку с наушниками тымак. Зимой казахи надевают сверху дубленую шубу тон из овчины. Костюм



женщин во многом отличается от мужского. Женщины носят платья, сделанные в талию, верхний халат бешмет, длинный, на голове носят девушки меховые шапки – а замужние женщины надевают кимешек. Также автор уделяет внимание описанию традиционного вида жилища кочевников, перечисляет основные детали юрты, ее устройство и роль в традиционном быту кочевых казахов. Как отмечает автор: « Живут казахи, в главной массе еще в юртах (жилище конусообразной формы, состоящее из деревянного решетчатого остова и покрытое войлоком), которые можно разбирать и переносить с места на место. Характеризуя быт и питание кочевников, автор замечает: « Домашняя утварь у казахов в общем несложная. Больше в употреблении встречается деревянная посуда, она практична и удобна и не бьется. Пищей служат у казахов большей частью скотоводческие продукты, чаще всего употребляются молоко, мясо, сыр и кумыс. Автор с большой теплотой раскрывает поэтическое искусство казахов. Он пишет: « В области поэзии развита лирика (воспевание любви к окружающей среде) и эпос (описание подвигов былых богатырей)». // Т.Рыскулов Собрание сочинений в трех томах. Том 2. Алматы, 1997. С. 212.

В целом автор в позитивном ракурсе осветил основные элементы как материальной, так и духовной культуры своего народа. Он также коснулся описания разновидностей национальных игр и развлечений кочевников, отразил особенности религиозных воззрений кочевых казахов.

Таким образом, подытоживая статью, хотелось бы особо подчеркнуть роль Т.Рыскулова в становление и формирование туркестанской научной мысли. Его оставленное богатейшее научное наследие будет исследоваться и в последующее время яркими представителями научной общественности. Раскрытие политического портрета величины мирового масштаба Т.Рыскулова позволит во многом расширить национальные горизонты исследования его короткой и сознательной жизни.

МУКАШЕВА А.О.
ст. преподаватель,
КОСАНБАЕВ С.К., к.и.н., доцент

Технология flipped classroom



В обучении
английскому
языку

Современное образование требует от преподавателей новых подходов и методов, способных сделать процесс обучения более эффективным и увлекательным. Одним из таких подходов является технология flipped classroom — перевернутый класс. Этот метод обучения позволяет студентам более активно включиться в учебный процесс, а преподавателю — сосредоточиться на более глубоком взаимодействии с учениками.

Что такое flipped classroom?

Flipped classroom, или перевернутый класс, — это методика, при которой традиционная структура урока меняется. В традиционном классе студенты обычно получают теоретическую информацию на уроке, а домашнее задание выполняется дома. В перевернутом классе все происходит наоборот: студенты изучают теоретический материал самостоятельно, а время на занятиях используется для практики и обсуждения.

В контексте преподавания английского языка это означает, что студентам предоставляется возможность ознакомиться с грамматическими правилами, новыми словами или фразами через онлайн-ресурсы, видеоматериалы или учебные пособия до урока. В классе они активно применяют полученные знания на практике — через дискуссии, ролевые игры, групповую работу или другие интерактивные задания.

Как это работает в обучении английскому языку?

Применение технологии flipped classroom в обучении английскому языку позволяет студентам:

- Развивать самостоятельность. Студенты становятся более ответственными за собственное об-

учение, так как им предстоит самостоятельно изучать материал до занятия.

- Глубже понимать материал. Поскольку на уроках внимание уделяется практике, студенты могут больше времени уделить обсуждению сложных моментов, задавать вопросы преподавателю и работать над реальными заданиями.

- Развивать коммуникативные навыки. В классе акцент делается на разговорной практике и взаимодействии между студентами. Преподаватель становится наставником и координатором, а не просто источником информации.

Преимущества перевернутого класса для студентов

1. Гибкость. Студенты могут изучать материал в удобное для себя время и темпе. Это особенно важно для обучающихся с разным уровнем подготовки.

2. Интерактивность. Уроки становятся более динамичными и насыщенными, так как они не ограничиваются лишь теоретическими объяснениями, а переходят к практическим упражнениям, групповым заданиям и обсуждениям.

3. Активное вовлечение. Перевернутый класс способствует по-

вышению вовлеченности студентов. Задача преподавателя — сделать уроки максимально увлекательными, чтобы каждый студент активно участвовал в процессе.

Методы использования flipped classroom в преподавании английского:

1. Онлайн-материалы: Преподаватель может предоставить студентам видеоролики, записи лекций, текстовые материалы или презентации для самостоятельного изучения на платформах Moodle, YouTube или других ресурсах.

2. Практические задания: На уроках студентам предлагаются различные задания, такие как обсуждения, ролевые игры, дебаты или групповая работа, где они могут применить изученный материал на практике.

3. Технологические инструменты: Использование интерактивных платформ, таких как Poll Everywhere, Mentimeter или Padlet, позволяет интегрировать элементы игры, викторины и тестирования в учебный процесс, повышая интерес студентов и обеспечивая эффективное закрепление знаний.

4. Обратная связь: Важно, чтобы преподаватель предоставлял

студентам регулярную обратную связь по выполненным заданиям, помогал исправлять ошибки и направлял студентов в их дальнейшем обучении.

Заключение

Метод перевернутого класса — это инновационный подход, который открывает новые возможности для преподавания английского языка. Он помогает студентам стать более самостоятельными, развивает их коммуникативные навыки и делает процесс обучения более увлекательным и продуктивным. Для преподавателей это шанс не только улучшить качество обучения, но и создать более динамичную и интерактивную образовательную среду, где студент становится активным участником процесса. Внедрение технологии flipped classroom в обучение английскому языку — это шаг в будущее, который способствует формированию более глубоких знаний и навыков у студентов.

Касиет АБАЙ,
преподаватель кафедры
«Иностранный язык для
гуманитарных специальностей»

СУДЫҢ АДАМ ӨМІРІ ҮШІН МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ МЕН ҚАЖЕТТІЛІГІ

Биология және химия пәндерін оқытуда пәні табиғат, тірі ағзалар туралы ғылым саласы болғандықтан, бұл пәнді оқытуда тәжірибе қою, эксперимент жүргізу әдісін қолдана отырып, шынайы биологиялық процесті көру арқылы білім алу маңызды әдіс болып есептеледі. Сондықтан мақалада биология және химия пәндері арасында жүргізуге болатын эксперименттер мен зерттеу нысандарының дұрыс таңдап алынуы, тәжірибе қоюда маңызды талаптар, оқытушы мен білім алушы арасында эксперимент жүргізудегі іс-әрекеті, эксперимент жүргізудің нақты кезеңдері мен шарттары көрсетілді. «Өсімдіктер» бөлімі бойынша бірнеше эксперименттердің жүргізілуі мен күтілетін нәтижесін атап көрсетеді.

Сонымен қатар, білім алушыларға жүргізілген эксперименттер нәтижелерінің білім сапасына әсерінің қаншалықты деңгейде өзгергенін зерттейді. Биология және химия пәніндегі жаңа ақпараттарды игеруде және алған білімді өмірде қолдана білуде эксперименттер жүргізу арқылы сабақ өтудің жақсы көрсеткіштерге жеткізетіні анықталды. Мәселен, білім алушылар лабораториялық құрал-жабдықтарды қолдануды үйрене отырып, «Өсімдіктер» бөлімі бойынша зерттеу нысандарын дұрыс таңдай білді, зерттеу нысандарына тәжірибе қою барысында биология және химия пәндеріне қызығушылықтары артып, білім сапасына оң әсерін берді. Гидропоника саласы бойынша қойылған экспе-

рименттер білім алушыларда жаңа биологиялық және химиялық салаларды меңгеруге, тәжірибе жүзінде сынап көруге мүмкіндік берді. Су — сутегі мен оттегінің қалыпты жағдайларда тұрақтылығын сақтайтын қарапайым химиялық қосылыс. Ауыз су, тіршілік көзі, ол жер шарының 3/4 бөлігін алады, тірі ағзалардың 60-70%-ы, ал өсімдіктердің 90% -ы судан тұрады. Жер бетінде тіршілік ең алғаш сулы ортада пайда болды. Су — бүкіл тіршілік иелерінің негізгі құрамдас бөлігі. Бұдан басқа судың тіршілік үшін физикалық-химиялық қасиеттердің: жоғары жылу өткізгіштік және жылу сыйымдылық, жоғары тығыздық, ауа тығыздығының шамамен 800 есе артуы, мөлдірлік, тұтқырлық, қатқан кезде мұздың көлемін ұлғайтуы және тағы басқа қолайлы қасиеттері болады. Біржасушалы және көпжасушалы ағзалар жасушаларының биохимиялық үдерістерінің барлығы сулы ортада өтеді. Су әр түрлі климаттық жағдайлардағы физиологиялық үдерістердің қалыпты өтуіне себепкер болады. Ол сондай-ақ көптеген минералдық және ағзалық заттардың жақсы еруіне себепкер бола алады. Табиғи су құрамында

рименттер білім алушыларда жаңа биологиялық және химиялық салаларды меңгеруге, тәжірибе жүзінде сынап көруге мүмкіндік берді.

Сан алуан тұздың болатыны да сондықтан. Ағзалар жұғымды заттарды тек еріген түрінде сіңіреді. Сонымен бірге сулы ортаның бірқатар жетімсіздіктері де бар, олар тірі ағзаларға қолайсыз әсер етеді. Мәселен, судың қысымының көбірек артуы және оттегімен нашар қанығуы мұхит тұңғығындағы суда тіршілік ететін ағзалар тіршілігіне кедергі келтіреді. Су құрамындағы оттегінің мөлшері атмосферадағы құрамынан шамамен 20 есе төмен болады. Жарық 200м тереңдікке өтеді, сондықтан теңіздер мен мұхиттарда тіршілік ететін ағзалар жарымсыз ортада өмір сүруге бейімделеді. Теңіз және тұщы су құрамындағы тұздар мөлшері бір-келкі болмайды. Мәселен, теңіз суы натрий хлориды мен магний сульфатының тұздарына бай, ал тұщы су құрамында кальций және карбонат иондары көп мөлшерде болады. Сулы ортаны мекендейтіп ағзалар сан алуан, олар бір биологиялық топқа — гидробионттарға бірігеді. Олардың барлығы сулы орта факторларының әр түрлі құбылуына бейімделді. Сулы ортада ауаға қарағанда дыбыс тезірек тарайды. Сондықтан гидробионттарда көру мүшелеріне қарағанда есту мүшелері жақсы дамыған. Кейбір

түрлер тіпті өте төмен жиіліктегі (инфрадыбыс) толқындардың ырғақтарының өзгеруін дер кезінде сезіп, дауыл тұрардың алдында су тереңдігіне қарай төмендейді. Кейбір гидробионттардың (кит тәрізділерде) бағыт-бағдар алуы, қорегін іздеп табуы — толқындардың шағылған дыбыстарын қабылдау (эхолокация) арқылы жүзеге асады. Көпшілігі жүзу кезінде әртүрлі жиіліктегі электр зарядтарын тудырып, шағылған электр импульстарын қабылдайды. Электр зарядтарын тудырып, оны өзінің бағыт-бағдар алуында және сигнал үшін пайдаланатын 300-ге тарта балық түрлері белгілі. Мысалы, тұщы суда тіршілік ететін су пілі балығы (*Morrytus kannume*) секундына 30 импульс жіберіп, су түбіндегі тұнбадан өзі қоректенетін омыртқасыздарды оңай табады. Импульстары секундына 2000-ға дейін жететін теңіз балықтары да бар. Кейбір қорғану көптеген шұңқырлы, ойық жерлерінде өзендердің тасуының қатты нәсер жауыннан соң, қардың еруінен және тағы басқа жағдайларда уақытша көлшіктер, тоғандар пайда болады. Мұндай көлшіктерде де қысқа уақытта тіршілік ететін әт-түрлі гидробионттар кездеседі. Бұлардың ерекшелігі сол,

аз ғана уақыт ішінде көбейіп, өзінен соң көптеген ұрпақтарын қалдырып келесі ылғал болатын уақытқа дейін тұнбаға көміліп иабиоз жағдайға түседі (кейбір шаяндар, планариелер, аз қылтанды құрттар моллюскалар, тіпті кейбір балықтар — африка протоптерусы және оңтүстік америка лепидосирені). Көптеген майда организмдер құрғақшылық жағдайда циста түзеді (инфузориелер, тамыраяқтылар, кейбір ескекеяқты шаяндар, турбеллярий және т.б.). Су ортасының өзіндік оттегі режимі де бар. Суда оттегі атмосферамен салыстырғанда 21 есе аз. Судың температурасы, тереңдігі, тұздылығы артқан сайын ондағы оттегі мөлшері азайып, ал судың ағысы қатты болған сайын оттегі мөлшері көбейеді. Басқа орталармен салыстырғанда судың температуралық режимі біркелкі болуымен ерекшеленеді. Қоңыржай аймақтарда тұщы сулардың температурасы 0,9°C-25°C аралығында (ыстық су көздерін есептемегенде, онда су температурасы 100°C-қа дейін жетеді), тұщы сулардың терең қабатында температура 4°C-5°C-ты құрайды. Судың айырылуы электр тогының әсерінен жүреді, бұл реакциямен сендер сутекті алу әдісі бойынша танысыңдар:

2H₂O → 2H₂↑ + O₂↑

Күрделі заттың құрамдас бөліктеріне айырылуы — анализ деп аталады. Жай заттармен әрекеттесуі:

I. Судың металдармен әрекеттесу реакцияларын сутегін ал әдістерінде қарастырған болатынбыз:





$2\text{Na} + 2\text{HOH} = 2\text{NaOH} + \text{H}_2\uparrow$
 $\text{Ca} + 2\text{HOH} = \text{Ca(OH)}_2 + \text{H}_2\uparrow$
 Белсенділігі тым жоғары емес металл сумен әрекеттескенде оның оксиді түзіледі:

$\text{Mg} + \text{HOH} = \text{MgO} + \text{H}_2$

Белсенділігі төмен металдар сумен әрекеттеспейді. II. Бейметалдармен әрекеттесуі: Су кейбір бейметалдармен де әрекеттесе алады. Қыздырға көмірге су қоссақ екі түрлі газ қоспасы түзіледі — ол «су газы» деп аталады:

$\text{C} + \text{HOH} = \text{CO}\uparrow + \text{H}_2\uparrow$

Көмірді жағарда оған су қосып шылайтынын білесіңдер, сонда түзілген екі газ да жанғыш екен. Хлорды суға жібергенде екі қышқылдың қоспасы түзіледі.

$\text{Cl}_2 + \text{HOH} = \text{HClO} + \text{HCl}$

Күрделі заттармен әрекеттесуі:

I. Активті металдардың оксидтерімен әрекеттесіп гидроксидтер (негіздер) түзеді.

$\text{Na}_2\text{O} + \text{H}_2\text{O} = 2\text{NaOH}$

Эктасқа су қосқанда оның қайнай бастағанын көреміз, реакция жылу бөле жүреді: $\text{CaO} + \text{H}_2\text{O} = \text{Ca(OH)}_2 + \text{Q}$

II. Кейбір бейметалдардың оксидтері сумен әрекеттескенде қышқыл түзеді. Күкірттің бір түйірін алып жақсақ оның оксиді түзіледі:

$\text{S} + \text{O}_2 = \text{SO}_2$

Жану өнімін суға жіберсек: $\text{SO}_2 + \text{H}_2\text{O} = \text{H}_2\text{SO}_3$ күкіртті қышқыл түзіледі, көк лакмус қызарады. Дәл осындай реакциялар басқа бейметалдардың да оксидтерімен жүреді. $\text{Cl}_2\text{O} + \text{H}_2\text{O} = 2\text{HClO}$ $\text{N}_2\text{O}_3 + \text{H}_2\text{O} = 2\text{HNO}_2$

III. Белсенділігі жоғары металдардың гидридтері де сумен әрекеттесіп гидроксидтер береді.

$\text{NaH} + \text{HOH} = \text{NaOH} + \text{H}_2\uparrow$

IV. Кейбір тұздар сумен химиялық әрекеттесіп кристаллогидраттар түзеді:

$\text{CuSO}_4 + 5\text{H}_2\text{O} = \text{CuSO}_4 \cdot 5\text{H}_2\text{O}$ мыс купоросы;

$\text{FeSO}_4 \cdot 7\text{H}_2\text{O}$ темір купоросы;
 $\text{Na}_2\text{SO}_4 \cdot 10\text{H}_2\text{O}$ глаубер тұзы.

Кристаллогидраттардың молекулалық массасын — тұздың молекулалық массасына су молекулаларының массаларын қосып табымыз.

$M_r(\text{Na}_2\text{SO}_4 \cdot 10\text{H}_2\text{O}) = 106 + 180 = 286$.

Сутектік байланыс моделі (1) су молекулалары арасында

Су — біршама инертті биологиялық еріткіш сұйықтық, онда кептеген органикалық және бейорганикалық заттар ериді, бірақ олардың ерігіштіктері әр түрлі. Қатты заттардың еруін біз қант пен тұзды еріткенде, ал газ күйіндегі заттардың еруін газдалған су ішкенде немесе суды қайнатқанда бөлінген көпіршіктерді байқау арқылы көрсек, сұйық күйіндегі заттардың еруін сірке суын еріткенде байқаймыз. Сонымен суда ерімейтін зат болмайды екен.

Заттардың суда еруі тек физикалық құбылыс қана емес, күрделі физико-химиялық үдеріс, еру барысында еріген заттың молекулалары еріткіштің молекулаларында біркелкі таралып қана қоймайды, олармен химиялық әрекеттесе де алады. Оны күкірт қышқылын еріткенде жылу бөлінетіндіктен, сол сияқты құрғатылған мыс сульфатының ақ түсті кристалдарын еріткенде кегілдір түсті ерітінді түзілгенінен байқауға болады. Кез келген табиғи су ерітінді болып теңіз суында — 260 г /л тұз бар, сондықтан онда тіршілік жоқ, яғни атына сай.

Ерігіштік — берілген температурада еріткіштің (су) 100 немесе 1000 грамында ери алатын зат массасымен және көлемімен анықталатын шама (г/100 г, г/1000 г H_2O , моль/л).

Ерігіштік заттың табиғатына тәуелді, мысалы: қант ерімтал болса, бор, әк на-

шар еритін заттар. Газ күйіндегі заттар үшін ерігіштік қысым мен температураға байланысты. Газдардың ерігіштігі қысым артқан сайын артады, ал температураны арттырғанда кемиді. Қатты заттардың көпшілігі үшін температураны арттырғанда ерігіштігі де артады.

Сұйық күйіндегі заттардың ерігіштігі олардың табиғатына байланысты, мысалы, спирт суда жақсы ерісе, ал бензин нашар ериді. табылады. Мысалы, Каспий теңізінде 13 г / л, Қара теңізде 19 г/л, Өлі Ерітінді деп еріткіш пен еріген заттан тұратын біртекті (гомогенді) жүйені айтады.

Берілген зат еріткіштің белгілі бір мөлшерінде осы температурада әлі де ери алатын болса, ерітінді қанықпаған, ал ери алмаса — қаныққан деп аталады.

Тірі ағзаларда судың биологиялық ролі

Су алмасуының жалпы сипаттамасы:

Су барлық биохимиялық процестер жүріп өтетін орта болып табылады.

Су газдардың, минералды тұздардың, нейтралды, полярлы қосылыстардың универсалды еріткіші болып табылады.

Су гидролиз, гидратация, аминсіздену, тотығу-тотықсыздану реакциялары сияқты көптеген биохимиялық реакциялардың тікелей қатысушысы болады. Жоғары жылу сыйымдылығының арқасында су термореттелуге қатысады. Ауаның 350 С-тан жоғары температурасы кезінде тер бөліну организммен сыртқы ортаға жылу берудің бірден-бір қолайлы әдісі болады.

Су қызметтік активтілігіне әсер ететін клеткалардың, субклеткалық құрылымдардың тургорын қамтамасыз етеді. Дипольді жағдаймен иемдене отырып, су иондардың, сонымен қатар белокты коллоидты бөлшектер аймағына түсіп, олардың айналасында сольватты (гидратты) қабықша түзеді.

Жер шарында жыл сайын 400 мың км³ шамасында су буға айналып, жоғары көтеріледі екен. Қазақстандағы су ресурстарының негізі - өзен сулары болып есептеледі, орташа жылдық мөлшері - 100км³, 43 пайызы Қытай, Өзбекстан, Қырғызстан, Ресей мемлекеттеріне келеді. Республикамызда таза ауыз сумен қамтамасыз ету марадымысыз. Жоспарланған жөндеу, қалпына келтіру



жұмыстары жүргізілмейді. Көптеген ауылдық су өткізгіштерінде су залалсыздандырылмайды. Қазіргі кезде Республикамыздағы барлық ірі өзендер - Іле, Сырдария, Жайық, Ертіс, Шу, Талас ластанған. Теңіз бен мұхиттар мұнаймен ластануда. Бұл қоршаған ортаға өте қауіпті. Судағы балықтар қырылып, қалу қаупі жылдан жылға өсіп келеді.

Ауыл шаруашылығында қолданылатын минералды тыңайтқыштардың артық мөлшері топырақтан шайылып, өзен, көлдерге, теңізге түсуде. Бұл судағы оттекті азайтады. Сонымен бірге бұл балық өндірісіне қатты әсерін тигізіп, балық аулау азайып кеткенін айтылып жүр. Біз осы жағдайларды саралай келе, адам күніне қанша литр су жұмсайды және оны үнемдеу, таза ұстауға бола ма деген мәселені айтқым келіп тұр. Мысалы, тісті екі мезгіл тазалау кезінде 4 литрден 8 литр су кетеді екен, тамақ әзірлеуге 3 мезгілде бас - аяғы 10 литр су кетеді екен. Суға түссең орта есеппен 10-15 литр су жұмсайсың. Сонда күніне 33-38 л - дей су кетеді екен. Бұл бір балаға кететін бір күндік су мөлшері. Осыны жылға шақсаң қанша болады? 13870 литр су жұмсайсың?

Қазақстан жер аумағы жағынан үлкен мемлекет, бірақ сол жердің көпшілігі құрғақ шөлейт жерлер. Дегенмен, оның бір ерекшелігі жер асты суларына бай. Республика аймағында түрлі мақсаттарға сай ашылып, зерттелінген 633 жер асты су қоры бар, олардың пайдалану қуаты тәулігіне 43384 мың текше метр. Бұл Ертістің Обь өзеніне құяр сағасындағы су көлемімен пара-пар.

Осындай табиғи байлықтың иесі болған еліміздің алдында оны үлкен жауапкершілікпен тиімді пайдалану мақсаты тұр. Өйткені, республика-

ның Солтүстік, Батыс және Орталық аймақтарында су жетіспеушілігі бар. Сөйте тұрса да, зерттеліп, дайындалған жер асты су қорларын халық шаруашылығының қажетіне игеру өте төменгі деңгейде болып келсе, кейінгі жылдарда тіпті тоқтап қалып отыр. Ауыз су және шаруашылық мұқтаждығы үшін зерттеліп пайдаланған көптеген жер асты су көздері 10 - 15% жылдар бойы игерілмей келеді, кей жерлерде мұндай кешеуілдеу уақыты су көзінің жалпы пайдалану мерзіміне (25 - 30жыл) таяп қалып отыр. Бұл деген жер асты суларының қорын пайдаланбай жатып оны пайдалану құжын қайта қарап, бекіту керек деген сөз.

Республикамызда тау - кен өндірістері мен шикі зат өңдеу саласының дамуына байланысты қоршаған табиғи ортаға зиянды салмақ өте түсуде, оның ішінде жер асты суларының сапасына нақтылы қауіп төне бастады. Ақтөбе - Алға, Павлодар - Екібастұз, Қарағанды - Теміртау, Жамбыл - Қаратау, Өскемен - Лениногор - Зыряновск сияқты үлкен аймақтық - өндірістік кешендердің маңына табиғатқа зиянды ошақтар орын тепті. Республикамызда 710-ға жуық қатерлі ошақтар барлығы анықталса, олардың басым көпшілігі Қарағанды және Шығыс Қазақстан облыстарында орналасқан. 70 елді мекендердің су мұқтаждығына пайдаланылатын 113 жер асты су көзінің, 41 су қабылдағышының тазалығына қауіп төнгендігі байқалауда.

Айдана ЕРМЕК,
Асем ЖАКАНБАЕВА,
М.Әуезов атындағы ОҚУ
колледжі, Биология пәні
оқытушылары

Ордабасы тауындағы бас қосудың тарихи маңызы



Құрылтай — түркі-моңғол ақсүйектерінің ресми кеңесі, Қазақ хандығында аса маңызды мемлекеттік мәселелерді шешуге шақырылатын жиналыс. Түркілерде, кейін Шыңғыс хан империясында Құрылтай үлкен рөл атқарған. Онда, негізінен, ұлы хан сайлау, жауланған жерлерге иелік ету және әскери жорық бағытын белгілеу мен оған әскербасы тағайындау мәселелері шешілді. Ұлыстарда да жыл сайын Шыңғыс хан әулеті мен әскери-көшпелі ақсүйектердің Құрылтайы шақырылды. 1259 ж. Мөңке ханның өлімінен кейін жалпы моңғолдық, яғни ұлы Құрылтай шақырылмайтын болды. 15-18 ғасырларда түркі мемлекеттерінде, соның ішінде қазақ хандығында аса маңызды мәселелерді шешу үшін Құрылтай шақырылған (қ. Қарақұмдағы халық құрылтайы, Ордабасы құрылтайы). 1920 ж. Түркіменстан, Өзбекстан, Тәжікстан секілді Орталық Азия елдерінде мемлекеті биліктің жоғары органы Құрылтай болды. Қазіргі Моңғолияның заң шығарушы органы — ұлы халық хуралы. Моңғол және түркі елдерінде бұл жиналыс, кеңес деген мағынаны білдіреді;

Құрылтай — партиялардың, қозғалыстардың, т.б. өзге де қоғамдық бірлестіктердің аса маңызды мәселелерге байланысты бастапқы басқосу жиылысы. 1726 жылы Қазақтың үш жүзі өкілдерінің Бадам өзені бойы Ордабасы тауындағы тарихи бас қосуы. 18 ғасырдың басында қазақ жеріне баса-көктей кіріп, бейбіт елді қырып-жойып, қасіретті “Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама” апатына душар еткен жоңғар басқыншылығына қарсы күрес ұйымдастыруға арналған халық құрылтайына Әбілқайыр, Әбілмәмбет, Сәмеке, Жолбарыс хандар мен Төле би, Қазыбек би бастаған әр рудың билері, даңқы шыққан қолбасшылары мен батырлары қатысты. Онда жоңғар басқыншылығына қарсы бүкілхалықтық тойтарыс беруді ұйымдастыру және қазақ жасағының қолбасшысын сайлау туралы мәселе қаралды. Ордабасы жиынында Әбілқайыр хан бас қолбасшы болып тағайындалды. Жиынға қатысушылар өз қимылдарын үйлестіріп отыруға, жауға біріккен майдан құрып аттануға ант берді және алдағы елді азат ету үшін жүргізілетін шайқастардың жоспарын жасады. Осы жолғы қазақтың үш жүзінің тізе біріктіріп, бас қосқан іс-қимылдарының нәтижесінде қазақ халқы 1727 жылы жоңғарлармен болған Бұланты-Білеуті шайқасы мен 1729 - 1730 жылдардағы Аңырақай шайқастарында жеңіске жетті. Қазіргі кезде осы тарихи жиынның белгісі ретінде Ордабасы төбесінде қазақ халқының тәуелсіздігі мен бостандығы үшін көп еңбек сіңірген атақты Үш биге ескерткіш орнатылған. Шымкенттен Түркістанға барар жолда немесе батыстан оңтүстікке келер бетте алыстан менмұнда лап тұратын осынау төбенің ел тарихында алар орны ерекше. Жасыратыны жоқ, кеңестік дәуір-

де елеусіздеу қалған да болатын. Яғни Ордабасы Тәуелсіздік жылдары мән-маңызы айшықтала, айқындала, арта түскен, жадыда жаңғырған тарихи орын. Қазақ хандығы дәуірінде аса маңызды мемлекеттік мәселелер халық өкілдерінің жиындарында шешіліп отырғаны мәлім.

Олардың бізге жеткен ең жарқын үлгілерінің бірі - 1726 жылғы Ордабасы биігіндегі қазақтың үш жүзінің өкілдерінің бас қосуы. Бұл аса жоғары дәрежедегі өкілді жиын болған-тын. Жиында қазақтар бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, ынтымақ пен бірліктің асқан үлгісін көрсетіп, бас сардарын сайлап алып, жоңғар басқыншыларынан жерімізді азат етудің негізі қаланғаны мәлім. Бұл бұған дейін де бас қосып келген - Дала Парламентінің ерекше бір көрінісі еді.

Иә, осы бір тарихи мәні зор Ордабасы жерінде 1993 жылы үш елдің - Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан Президенттерімен бірге 150 мың адамнан құралған 20 елдің делегациясы қатысқан басқосу нағыз бірлікке үндеген маңызды, тарихи оқиға болды. Айта кетерлігі, алдағы жылы бұл датаға 25 жыл толады. Аталмыш жиында Елбасы Н.Назарбаев «Береке басы - бірлік» деген баяндама жасады. Баяндамада ел болуды көксеген ұлы арман-мақсат, мүдделер айтылды. Баспасөздер сол күндері жиында айтылған «Ордабасы - қазақ рухының қағбасы» деген Әбіш Кекілбаевтың, «Ордабасы - ел жүрегі, жер кіндігі» деп өз ойын тұжырымдаған Мархабат Байғұттың сөздерін жария етіп жатты. Ассамблея құру туралы идеясын да 1993 жылы Елбасы Ордабасыда айтты. Сол идеялар бүгінде жүзеге асырылып, өз нәтижесін беріп келеді. Сондай-ақ Ата заңымыздың 15 жыл-

дық мерейтойында Мемлекет басшысы халқымыздың бас қосып, Дала Парламентін жасаған киелі орындарды да тілге тиек етіп, еңселі елдіктің іргесін бекіткен жерлерді ұмытпау қажеттігін айтты. «Конституция - біздің арайлы азаттығымыздың айнымас айғағы, жарқын болашағымыздың бұлжымас бағдары! Ол - елдігіміздің алтын арқауы, толағай табыстарымыздың бастау қайнары! Қастерлі тарихымызда түрлі ел билеу жосықтары болған. Аталы кесімге, әділ шешімге тоқтаған дана халқымыз түрлі жарғыға, низам мен ережеге бағынған. Ордабасы мен Ұлытауда, Мәртөбе мен Күлтөбеде келелі кеңес құрған. Заңды басшылыққа алып, орталыққа ұйысқан сайын берекелі халқымыздың бірлігі нығая түскен.

Еңселі елдіктің іргесін бекіткен жер бүгінде қайта жаңғырып, абаттана түспек. Жуырда облыс әкімі Жансейіт Түймебаев Ордабасыға арнайы барып, тиісті сала жетекшілерімен жаңа жобаның нобайын талқылады. Ұсыныстарды тыңдап, өз ойын ортаға салды. «Ордабасы тауы - халық келіп рухани тынығатын, рух жинайтын, ойын тазартатын орын болуы керек. Салынуға тиісті ескерткіш те еңселі болуы қажет. Сонымен қатар ашық аспан астындағы амфитеатр болуы тиіс. Келуші туристерге де жағдай жасап, арнайы естелік сыйлықтар сататын дүкендердің ашылғаны жөн. Болашақта халықтың мұнда кең даланы тамашалап, таза ауамен тыныстап, демалып қайтқаны дұрыс болар еді. Халқымыздың жаратылысында кең дала ерекше маңызға ие екендігін білесіздер. Сондықтан да осындай далаға және биіктікке шыққанда жанымыз айрықша жігерленіп, рухтанып кетеді. Бұл ұлтымыздың ерекше-леу болмысын қайта түлету үшін





қасиетті Ордабасы тауын осындай рух алатын орынға айналдырғанымыз абзал», деді Жансейіт Қансейітұлы. Сондай-ақ өңір басшысы 1 мың гектар аумақты алып жатқан қастерлі жердің кіреберісіне жол мен демалыс орындары, дәмханалар салынатынын атап өтті. Өткеннен мағлұмат беретін музей салу да жоспарда бар. Ел үшін маңызы зор тарихи сәттерді еске түсіретін архитектуралық мүсіндер орнатылмақшы. Яғни Ордабасы тауы өңірдегі ірі туристік әрі рухани орынға айналады. Айта кетелік, «Қазақстанның киелі жерлері», «Қазіргі заманғы Қазақстандық мәдениет жаһандық әлемде» іс-шаралар жоспары бекітілген болатын. Нәтижесінде өңірлік карта жобасы дайындалып, «Қасиетті Қазақстан» республикалық орталығына облысымыздан 104 нысан ұсынылды. Қазіргі таңда республика бойынша 100 нысан іріктелініп алынса, оның ішіне Оңтүстік Қазақстан облысынан 23 нысан еніп отыр. Қалған 81 тарихи-мәдени ескерткіштер жергілікті маңызы бар қасиетті, киелі жерлердің тізіміне енгізілген. Облыстық мәдениет басқармасының мәліметіне жүгінсек, Шымкент қаласындағы жергілікті маңызы бар Қаратөбе қалашығына археологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізуге 31 млн 436 мың теңге, археологиялық қазба жұмыстарын жүргізу үшін 40 млн теңге, Оба патшалық қорымына археологиялық қазба жұмыстарын жүргізуге 24 млн теңге, Қазығұрт тауын тарихи-мәдени орталыққа айналдыруға 1 млрд 513 млн теңге, Ордабасы тауына 1 млрд 200 млн теңге қаржы қарастыру жоспарланып отыр. Бұдан бөлек, алдағы жылы Сайрам ауданындағы «Ханқорған» қалашығына археологиялық қазба жұмыстарын жүргізуге 31 млн, 436 мың теңге бөлінбек. Биылғы жылға Шымкенттегі ескі қала орнының аумағында археологиялық парк-музейі, ашық аспан астындағы музей құру үшін жобалық-сметалық құжаттама дайындауға және археологиялық жұмыстар жүргізуге қалалық бюджеттен 100 млн теңге бөлініп, тиісті жұмыстар атқарылуда. Сондай-ақ биыл жергілікті бюджет есебінен 38 млн 500 мың теңгеге, – ал кәсіпкерлердің есебінен 219 млн 84 мың теңгеге облыстағы сәулет ескерткіштеріне жөндеу жұмыстары, абаттандыру, көгалдандыру инфрақұрылымын дамыту жұмыстары жүргізілген.

Жоңғар басқыншылығына қарсы күреске халықты жұмылдыру жайы ақылмен екшелді, талқымен таразыланды. Содан бері екі жүз тоқсан көк-темнің өзегі гүлдепті. Әмсе қамшының сабындай қысқа дейтін біздің уақыт санамызға ұлы тарихтың ұмытылмас сұлбасын сызып келеді. Сол берекелесудің, сол бәтуаласудың құны бүгінде бақуатты жүрген он миллион қазақ үшін тым биікте. Ордабасы – Оңтүстік Қазақстан облысы, Ордабасы ауданындағы таулы өңір. Табиғаты таңғажайып. Етегінен ұшар басына дейін тырмыса өрген салба-салба самырсын қарағайы болмаса да, қазақ үшін салқар-салқар таулардан бәсі биік. Тіпті, неге деп ешкім сұрамаса керек-ті. Өйткені сол жолы қазақтың басы Ордабасы болып бірікті де, қазақ тарихындағы 1723 – 1727 жылдардағы нәубетті кезеңнің қара бұлтын аспанынан біржола ығыстырды. Әмсе тарихта «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» деген атпен қалған жоңғар шапқыншылығына тоқтау салды. Бадам өзенінің сол жағалауында қазақтың үш жүзінің өкілдері ұлы құрылтай өткізді. Біртұтас қазақ әскері құрылып, бас қолбасшы сайланды. Батырлығы, әдіс-айласы, соғыс тәсіліне жетіктігімен танылған Кіші жүз ханы Әбілқайыр үш жүздің біріккен қазақ жасағына бас қолбасшы болды. Осылайша берекелі ауыздан шыққан берік байламның арқасында қазақ жеңіске жетті. Жоңғардан ел азат етілді. Ал сол ұлы құрылтай барысы кейіннен қазақ арасында «Күлтөбенің басында күнде жиын» деген асыл сөзге арқау болды. Ордабасы тауында 290 жыл бұрын жоңғарға тойтарыс беру үшін бәтуалы жиын өткізбесе, бүгінге бас аман, көңіл бүтін жетер ме едік? Сондықтан «Күлтөбенің басында күнде жиын» қылмасақ та, Ордабасыдан оқта-текте төбе көрсетіп тұруымыз парыз іспетті. XVIII ғасырда үш жүздің басын қосқан Ордабасы тауына үш жол алып барады. Тағы да Шымкенттегі Төле би мен Қазыбектің, Әйтеке бидің атындағы үш даңғыл тоғысқан тұста Ордабасы алаңы орналасқан. Бүгінде тарихтың ақтаңдақ беттеріне айналған «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» зұлматы уағында қазақтың құтын қашырды, берекесін кетірді. Сонда жоңғарларға қарсы күресті үш жүздің игілері осы төбенің басында кеңескен жоқ па?! Содан бері қазақта құрылтай да,

жиын да жетеді. Жоғарыда айтқанымыздай, осыдан дәл 290 жыл бұрын қазақтың үш жүзінің басы Бадам өзені бойындағы Ордабасы тауында түйісті. Әбілқайыр, Әбілмәмбет, Сәмеке, Жолбарыс хандар мен Төле, Қазыбек би бастаған әр рудың би-шешендері мен батырлары бас қосқан басалқада жоңғарға қарсы жортуылмен қатар қазақ жасағы қолбасшысын сайлау мәселесі де майшаммен қаралды. Осылай Әбілқайыр ханды бас қолбасшы қылып, тізе біріктірген үш жүз 1727 жылғы Бұланты-Білеуті және 1729 – 1730 жылдардағы Аңырақай шайқастарында жеңіске жетті. Тағдырлы шешім қабылданған жердің бірі саналатын Ордабасыны дүйім ел бес саусақтай біледі. Төбе басында 28 м биіктіктегі монумент пен үш ескерткіш бар. Аталмыш монумент 1994 жылдың 1 қаңтарында «Ордабасы» тарихи-мәдени ұлттық қорығы болып ашылғанда орнатылды. Жыл сайын Ордабасыға 40 мыңнан астам турист келеді. Өкінішке орай, жерімізге тырнағын батыра бастаған орыс отаршылдары кезінде сонау заманнан ата-бабадан қалған қорғандар мен қорымдарды түгел тонаған. Осыдан Ордабасы ғана емес, Оңтүстіктің Созақ пен Сыр бойы, Қаратау мен Қазығұрт, Алатау мен Түркістан, Сайрам мен Отырардың тұтас астам-кестені шыққан. «Қазақ топырағынан қазір табылып жатқан баға жетпес деректер, Алтын адам сол сұрапылдардан Құдай сақтап қалғандары ғана...». Осыдан жырға үш жыл бұрын, Тәуелсіздік тағылымына Ордабасыда ұлы жиын өтті. Осы тоқсан үштегі жиынға жүз елу мың адам қатысты деген ақпар бар. Осы жиынды: «1726 жылы Ақ орда тігілген биікке, Түтөбенің оң жағындағы белеске көтеріліп бара жатқанда, бір шетінен екінші шетіне көз жетпестей, қыр-қыратты қаптаған қарақұрым халықтың үстімен таңғажайып теңіз толқыны жүріп өткендей болды. Сонау бір замандарда Ордабасы тауы жер бетінен жойыла жаздады. Кәдуілгі Ордабасы деген сөзді айтуға да, жазуға да тыйым салынған кездер болған екен. Жаза қалса, корректорлыққа келгенде сызылып тасталатын. Алайда қазақ қаламгерлері оны қорғау үшін аз жұмылған жоқ. Соған қарамастан Ілияс Есенберлин, Әбіш Кекілбаев, Софы Сматаев, Мұхтар Мағауин бастаған қаламгерлердің тың туындылары жарыса жарияланып

жатты. Бертін келе Шерхан Мұртаза шімірікпей шындықты жазды. «Тоқсан үшінші жылдың ерте көктемінде Ордабасы тауының үштен бірін ойып алған карьер үңірейген күйінде үнсіз қалды. Бүйрек-бауырынан жартылай айырылғандай Ордабасы солықтап жатты-ау сонда. Кенет... Кенет Алматыдан ақжолтай хабар жетті». Осыдан соң қатарынан үш жылды үш биді еске алуға арнаған. Осы жолғы жиында Елбасы: «Ордабасы тауын сақтау, көркейтіп-көріктендіру – перзенттік парызымыз деп осы жолда тарихи жәдігерімізді қолдап-қорғау жолында нақты тапсырма берді. Одан қалды тарихи құндылықтарымызды қайта жаңғыртқан «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында да Ордабасы құтты тарихи мекен ретінде мемлекет қарауына алынды. Бұл дегеніміз тарихты құрметтеу, бабадан қалған баға жетпес жәдігерді сақтау, жас ұрпаққа аманат етіп қалдыру. Осы тұрғыда Ордабасына тікелей қатысты тағы бір жақсы сөз бар – қазақ бөлініп те көрген, бірігіп те көрген. Бөлінгені – Ақтабан, біріккені – Ордабасы», – деген салиқалы сөздер бар. Бұның дуалы сөздің түбінде тұнған тарих жатыр.

Ордабасы – қазақ халқының тарихында маңызы жағынан ерекше орын алатын, жоңғар басқыншыларына қарсы тәуелсіздік үшін ұлт-азаттық қозғалысты бастаудың ошағы, темірқазығы болып табылады. Орбасындағы ымыралыстық жолындағы айтулы жиын мәңгі халық жадында қалады. Жан-жақтан жау анталап, тыныштық кеткен заманда бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, ауызбіршілікпен ұйымдасқан түрде жауға қарсы батылдық таныту – тарихта қайталана бермейтін ерлік.

Қазіргі таңда әрбір грек баласының 300 спарталықтың ерлігін жатқа соғып, сол арқылы рухтанатынын ескерсек, біздің мұндай айтулы тарихымыз, Отан қорғауда жаудың көзінше жаға тартыспай керісінше ынтымақтастықтың үлгісін көрсеткен ата-бабамыздың бұл ерлігін жастарымызды отан-сүйгіштік рухта тәрбиелеудің жарқын мысалы бола алатыны ақиқат.

Н.ДОСЫБАЙ, Қазақстан тарихы пәні оқытушысы, саясаттанушы, Зарина БЕЙСЕКОВА, Қазақстан тарихы пәні оқытушысы, М.Әуезов атындағы ОҚУ колледжі

Спорт – тәрбиенің бір саласы

«Шынықсаң – шымыр боласың» демекші, дене жаттығуы адам баласына қашан да пайдалы. Сол үшін, денсаулығымызға аса мән беріп, спортпен айналысу қажет. Қай спорт түрі болмасын денсаулыққа пайдасы мол. Мысалға, тоғызқұмалақ, шахмат ойындары адамның мидағы алмасу процесіне оң ықпал етіп, мидың жақсы жұмыс жасауын жақсартады.

Спортпен дұрыс шұғылдану – адамның иммунитетін күшейтіп, дерттерге қарсы тұруға көмегін тигізеді және есте сақтау қабілетін жақсартып, ұйықтай алмау қиындығынан құтқарады. Ағзаның иммунитетін көтеріп, жүрек-тамыр жүйесінің қызметінің жақсаруына айрықша септігін тигізеді. Кейбір спорттың түрі адамдарға кері әсерін тигізуі мүмкін. Мұндай жағдайда бір мезгіл жаяу жүру керек. Сонда ғана қаныңыздағы қант мөлшерін реттей аласыз және жүрек аурулардың алдын алып, қатерлі ісіктің кейбір түрінен сақтана аласыз. Шындығына келгенде, әрбір адам өз денсаулығының кепілі. Ұзақ өмір сүрем десеңіз, спортпен шұғылданыңыз.

Әрбір адам спортпен айналысу керек. Өйткені спортпен үнемі айналысқан адамның дені сау, көңіл-күйі көтеріңкі болады және денсаулығы жақсарады. Спорттық ойындардың түрлері өте көп: футбол, баскетбол, волейбол, теннис, хоккей, шаңғы тебу, суда жүзу, т.б. Спорттың адам денсаулығына қаншалықты пайдалы екенін, оның адам өмірін ұзартатынын білеміз.

Денсаулық-зор байлық. Денсаулық мықты болу үшін адамға мынадай төрт шартты бұлжытпай орындау керек. Олар: дене еңбегі, тамақ ішу, уақытты дұрыс пайдалану, шынығу және дем ала білу.

Спорттың адам өмірі үшін маңызын бұдан ары айта түсудің өзі де артығырақ секілді. Бірақ, алдымен «спортпен шұғылдануға уақыт табылмай жүр» деген сылтаудан құтылған абзал. Ол үшін не істеу керек? Күніне 20 минут дене жаттығуымен айналысуды да ұмыт қалдырып кететін кездеріңіз болмайды емес, болады. Ендеше, дене жаттығуларымен шұғылдануды қалай әдетке айналдыруға болады?

1. Дене жаттығуы кезінде киетін спорттық киімдеріңізді жатар алдында дайындап жатыңыз. Ұмытпас үшін, оятқышыңызды сол киімдердің үстіне қойыңыз. Өйткені, таңертең оянғанда оятқышпен қатар немен айналысатыныңызды

Спорт – салауатты өмір салтының ажырамас бөлігі. Ғалымдардың айтуынша, күніне 30-40 минут уақытыңды спортқа арнасаң, ауруға шалдығу қаупі 30 пайызға азаяды. Қазіргі уақытта әр күнін тиімді пайдаланып, спортпен айналысатындар үшін арнайы алаңдарда барлық жағдай жасалған. Тек табандылық пен төзімділік болғаны жеткілікті.



да есіңізге түсіретін боласыз. Бастысы, осылайша таңғы жаттығуды әдетке айналдырып алсаңыз ғажап болары сөзсіз.

2. Барлығын аз жаттығудан бастаңыз. Тіпті, аптасына 3 рет 5 минуттан-ақ дене жаттығуларымен шұғылданып жүріңіз. Тапсырма оңай, әрине. Бірақ, бастапқыда өзіңізді қинамауыңыз қажет. Алға ә дегеннен жоғарғы мақсат қоюға талпынбаңыз. Өйткені, өзіңіздің спортпен шұғылдануға деген ерік-жігеріңізді жоғалтып алуыңыз мүмкін.

3. Адам – әлеуметтік жаратылыс. Қарым-қатынасыз өмір сүруді елестету мүмкін емес. Әлбетте отбасыңызбен табиғатқа шығудың, достарыңызбен белгілі бір спорт түрімен шұғылданудың, кейде бір ауық жүгіріп тұруды да әдетке айналдырғанның зияны жоқ.

4. Үйдегі қарапайым шаруаларды жаттығу жұмыстарымен үйлестіріңіз. Мысалы, таймерді 20 минутқа қойып, жұмысыңызды

бастаңыз. Қарапайым шаруаларды аса жылдам орындау – жақсы нәтиже береді.

5. Жаттығу жұмыстарын жоспарлай біліңіз. Дене жаттығуларын да жоспарыңызға енгізіп үйреніңіз. Қажетті жаттығуларды жоспарлай біліңіз.

6. Өзіңізге ұнайтын жаттығуларды таңдап алғанның да маңызы жоғары. Өйткені, алғашында адам өз қалауымен бастаған жаттығулар уақыт өте келе өз жемісін беретін болады.

Денешынықтыру мен спорт кей кезде адам ағзасы табиғи түрде қажет ететін қимыл-қозғалыс пен күшті іске асырудың қолжетімді түрі болып табылады. Оқушылар мен студенттер үшін денешынықтыру сабақтары мен спортпен шұғылданудың маңызын айтып жеткізу мүмкін емес, жас ағзаға және жетіліп келе жатқан денеге үнемі қозғалыста жүру қажет. Сол себепті спортпен шұғылдануға шақырамыз. Салауатты өмір сал-

тын насихаттап жүрген әр адамның денсаулығы жақсы болады. Сол себепті спорт денсаулық кепілі екенін ұмытпайық! Спорт сенің серігің – жанға дауа, қолға күш. Сергітетін адамды-қимыл менен қозғалыс, – дегендей жазғы демалыс күндерінде спортпен айналысуды ұмытпаңыз!

Спорттың адам өміріндегі маңызы өте зор. Спорт адам денсаулығын жақсартады, әрқашан бірқалыпта, адамдарды ұйымшыл және тәртіпті етеді, ал ең алдымен-жастарды жауапкершілікке баулиды. Мен өзім студент әрі спортқа жақын болғандықтан, өз жолдастарым арасында сауалнама жүргізген болатынмын. Ең басты сұрағым “Қазіргі таңдағы жастар арасында спорттың маңыздылығы қандай?” Олардың айтуынша: Спорт адамдарды біріктіреді. Дін де, саясат та спорт сияқты күшті мақсаттар мен идеяларды біріктіре алмайды. Ынталы, мақсатты спортшы ешнәрсе мүмкін емес екенін, үлкен тілек пен қажырлы еңбек арқылы адам орасан зор нәтижелерге қол жеткізе алатынын айқын мысалмен шабыттандырады және көрсетеді.

Спорт өмірде дұрыс бағдарларды қалыптастыруға, мақсат қоюға және оған жетуге, дамуға және тек алға жылжуға көмектеседі. Елдің, ұлттың жалпы мәдениетіне спорт мәдениеті жатады. Әсіресе қазір, салауатты және белсенді өмір салтының танымалдығы шарықтау шегіне жеткен кезде. Спортқа жаппай құмарлықтың жақсы үрдісі адамдарды өз денсаулығын мұқият бақылауға, жаман әдеттерден бас тартуға шақырады. Спорт табысты адамның ойлауын қалыптастырады. Көптеген әлеуметтік зерттеулер жүйелі түрде спортпен шұғылданатын адамдардың мансабында және жеке өмірінде табысты болатынын дәлелдеді. Бұл спорт тек физикалық ғана емес, сонымен қатар психологиялық денсаулықты жақсартуға көмектесетіндіктен орын алады.

Спортпен айналысатын адамның психикасы теңдестірілген, өнімді және тиімді жұмыс әрекеттері, сондай-ақ алаңдаушылық пен стресс деңгейі азырақ болады. Дене белсенділігі денеде бақыт гормонының өндірілуін ынталандырады, нәтижесінде спортпен айналысқаннан кейін адам жеңіл эйфория күйінде болады. Спорт әр адам көшбасшы болуға және табысқа жетуге қабілетті үлкен жүйенің бір бөлігі екеніңізді сезінуге мүмкіндік береді. Дене белсенділігі көптеген денсаулық проблемаларын болдырмауға көмектесетінін

бәріміз білеміз. Жүрек-тамыр ауруларының, семіздіктің, омыртқа ауруларының және қатерлі ісік ауруларының қаупі физикалық белсенді емес адамдарға қарағанда спортпен шұғылданатын адамдарда әлдеқайда төмен. Халықаралық жарыстар, чемпионаттар немесе олимпиадалар кезінде спортқа деген қызығушылық бірнеше есе артады. Спортшылардың жетістігінен, жетістіктерінен, жігерінен шабыттанған адамдар спортпен шұғылдана бастайды. Әлем чемпионатының басталу қарсаңында барлығы дерлік футбол мен спорт жаңалықтарына қызығады. Тіпті физикалық белсенділіктен алыс адамдар барлық оқиғалардан хабардар болу үшін мезгіл-мезгіл спортқа қатысты сайттарды қарап отырады.

Дені саудың, жаны сау демекші спортпен айналысқан абзал. Жастар арасында зиянды заттарға әуестік жиі байқалады. Осы орайда жастар арасында өршіген мәселені ескере отыра әл-Фараби атындағы М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Университеті колледжі студенттерімен бірге, «Спорт-денсаулық кепілі» тақырыбында дөңгелек үстел өткіздік. Дөңгелек үстелдің басты мақсаты - жастар арасында адам жанын улайтын (ішімдік, наша, темекі т.б.) заттардан алшақ болуын дәріптеу. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметтері бойынша жыл сайын алкогольдің кесірінен 3 миллионнан астам адам қайтыс болады екен. Іс-шара аясында студенттер ішімдіктен оңай бас тартуға болатын жайттарды айтып өтті. Қазіргі таңда әлемнің көптеген елінде салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін мемлекет арнайы бағдарламаларды жүзеге асырады. Кейбір елдерде алкогольді ішімдік ішуге, сатуға мүлде тыйым салынған. Сонымен қатар, түрлі шектеу түрлері де бар. Мәселен, ішімдік сататын дүкендердің білім ошақтарына жақын болмауы, алкогольді ішімдік сататын күндер мен сағаттарды шектеу, ірі спорттық жарыстар болатын күні алкоголь сатпау. Мұндай шектеулерге қоса ел ішінде ішімдікке қарсы күрес үлгілері де бар.



Жақсы денсаулық пен әл-ауқатты қамтамасыз ету тек медициналық мекемелердің ғана міндеті емес, ол бүкіл қоғамның бірлескен күш-жігерін талап етеді. Экологиялық жағдайды жақсарту, ауыз су сапасын көтеру, білім беру саласын жетілдіру, теңсіздікпен күресу – осының барлығы адамдардың денсаулығына тікелей әсер етеді. Денсаулық – әрбір адамның өмір сүру деңгейін анықтайтын ең маңызды көрсеткіштердің бірі. Жақсы денсаулық адамға өмірдің барлық саласында табысты болуға мүмкіндік береді.

Спорттың адам өмірінде алатын орны зор екендігін бәріміз білеміз. Спортпен айналысқан адамның денсаулығы мықты, өзі шыдамды болады. Ата-бабамыз «Тәні саудың-жаны сау»-деп бекер айтпаған. Салауатты өмір сүру дегеніміз-тазалық сақтап, дене тәрбиесі және спортпен шұғылдану. Қазіргі уақытты өткен кезеңмен салыстыра алмаймыз, себебі уақыт өте көптеген өзгерістер өмірге енді. Тіпті бала тәрбиесі-

не жаңаша көзқараспен қараймыз. Қазіргі таңда қоғамдағы жат қылықтар жастарға кері әсерін тигізуде. Жастар арасында темекіге, ішімдікке еліктеушілік, тіпті нашақұмарлық та өршіп бара жатқандай. Салауатты өмір салтын қалыптастыруда дене тәрбиесінің маңызы зор. Жастарды болашақтың тірегі болатын, денсаулығы мықты азамат ретінде қалыптастыру керек. Жастардың жан-жақты дамуын спортсыз елестету мүмкін емес.

Спорт – барлық тәрбие атауының бір саласы. Оның түп негізі-қозғалыссыз тіршілік болмақ емес. Спорт жаттығуларын жүйеге түсіріп белсенді бір мақсатқа бағыттаса, оның берері көп. Бірінші байлық-денсаулық деген, ал сол денсаулықтың кепілі спорт. Салауатты өмір сүрмей тұрып, өмірге қажетті нәрсені ала алмайсың. Адам баласы жарасымды тұрмыс құрып, үйлесімді дамуы үшін біздің ауданда жағдай жасалған. Спорттың барлық түрімен айналысуға болады.

2024 жылдың 14-16 желтоқсан күндері аралығында, Түркістан қаласында, ұйымастырлған, «Қазақстан қызмет фуд залы супер кубоктан» фудболдан республикалық жарысқа біздің оқу орынымыздан, «М.Әуезов колледжі» командасынан қатысты, олар: Бекбаев Н.Саипов Д. Тансық Ә, Ешентай Б, Нүридин Н, Амнкелді Е. есімді оқытушылар қатысып, белсенділік танытты.

Жарыс нәтижесі бойынша: Кіші футбол ойынынан I – орынды «Аброй» командасы, II – орынды «Жамбыл» командасы, III – орынды «МВД» командасы жеңіп алды.

Жарыс жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне Түркістан қаласында, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің дайындаған медальдармен және дипломдармен марапатталды. Бекітілген ережеге сәйкес бірнеше топқа бөлініп кіші футболдан ойнаған жеңімпаз команда мен ойыншылар бағалы сыйлықтар мен грамота және алғыс хатпен марапатталды. Ойын соңында үздік шыққан командалар мен жекелеген ойыншылар ұйымдастырушылардың кубогімен, дипломдарымен және бағалы сыйлықтарымен марапатталды.

Осындай спорттық шараны ұйымдастырған Түркістан қаласы қызметкерлеріне алғыс айтамын. Өзім бала кезімнен футбол ойнағанды ұнатамын. Тағдыр сынына ұшырап қателікке ұрындым. Өзімнің тағдырымды құртып, ата-анамды жерге қаратқаныма қатты өкінемін. Алдағы уақытта өмірден өз орнымды тауып, аяқталмай қалған оқуымды жалғастырып, ата-анама көмектесем. Абай атамның: «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та бар қалан», деген өлең жолдары әрдайым есіме түседі. Менде еліме, жеріме өз пайдамды келтіремін деген сенімдемін.

Нұрсұлтан БЕКБАЕВ,
М.Әуезов атындағы ОҚУ
колледжі, Дене тәрбиесі пәні
оқытушысы



Волейбол - әрі спорт әрі денсаулық кепілі



Спортта мінез-құлық, мәдениет қалыптасады. Спортпен айналысқан адам ар ұятқа тиетін іс жасамайды. Жастайынан дене тәрбиесімен шұғылданған адам бүкіл ғұмыр бойы табысқа жетуге талпынады. Сондықтан да қазіргі таңда мемлекеттік бағдарламаның негізгі мақсаты елімізде дене шынықтыруды және спортты одан әрі дамыту, халықтың дене шынықтырумен және спортпен шұғылдануы үшін жағдайлар жасау, олимпиадалық, ұлттық, техникалық, қолданбалы спорт түрлерін және халық ойындарын дамыту, саланы басқарудың оңтайлы жолдарын және қазіргі әдістемесін белгілеу. Адам баласының ойлап тапқан әрбір пайдалы әрекеттерінің өміршеңдігі оның қоғам мүшелерінің ортақ қазынасына, өмірлік салтқа айналуынан көрінетіні шындық. Олай болса біз әңгіме етіп отырған волейбол спорт ойыны, бар ұлт үшін ортақ қазына, өйткені оны өмірге құштар жандар ойлап тауып өмір нәріне енгізген.

Арнайы спорт мектептері мен дене тәрбиесі мәдениетінің болашақ мамандарын даярлайтын оқу орындары білім алушыларын волейбол спорт ойынының қыр-сырына қанықтыру – өте күрделі үрдіс.

Олар:

1. Волейбол ойыншысына тән дене құрылысы, күш-қуаты және ұжымдық әрекетке бейімдігі бар жаттығулар таңдау;
2. Әрбір жаттығушыларға тән психологиялық ерекшеліктерді үнемі назарда ұстау;
3. 10-20 жас аралығындағылардың есуі мен анатомиялық-физиологиялық құрылымын зерделі тексеру;
4. Болашақ волейбол спорт ойынын жете меңгерушілерге қойылатын арнайы талаптарды үнемі басшылыққа алу қажеттігі;
5. Жаттығушылардың ойын барысындағы атқартын функцияларын алдын-ала белгілеу;
6. Жаттығу жүйесін алдын-ала жоспарлай отырып оның нәтижесін талдау;
7. Алдағы болатын спорт жарыстарының мақсаты мен міндетін ойыншылар мен бірлесе отырып талқылау;
8. Жаттығушыларды үнемі дәрігерлік байқаудан өткізіп, оларға берілетін жүктемелердің организм мүмкіншілігіне үйлесімділік табуын қадағалау;
9. Жарыс-жаттығу кезеңі мен демалу және ширақ мерзімдері арасындағы органикалық бірлестіктің мерзімін белгілеу;
10. Машықтанушы жастардың болашақ үлкен спортта биік тұлға дәрежесіне дейін көтерілуіне жағдай жасау. Сөйтіп, жаттығушылар мен жаттықтырушылардың көздеген мақсатына жетуіне бірден-бір себепші жоғарыдағы аталып өткен кезеңдердің жүйелі, ізбе-ізділікпен бірігуінен болатын нәтиже екендігін ескертеміз.



Ол дайындықтарға арналған оқу-жаттығу үрдісіне байланысты құбылыс. Себебі, жаттығу-дәріс кезінде әрбір шәкірт-машықтанушы тапсырма алады, оны өз бетімен орындайды. Тапсырманың түрлерін жаттықтырушы алдын-ала жоспарлап, оның мүлтіксіз орындалуын қадағалап отырады.

Жаттығушылар орындайтын ойын тәсілдері бұрынғы меңгерген техникалық жаттығудың күрделіленген түрі немесе бұрын меңгерген ойын элементінің жалғасы да болуы мүмкін. Сол сияқты жылдық оқу-жаттығу кезеңі жылдың екі кезеңіне бөлінеді. Мүмкін, олар күзгі-қысқы және көктем-жазғы уақыттар болады. Бұл кезеңдерге сәйкес оқу-жаттығу процесі негізгі үш мерзімдік болып бөлінеді: дайындық, жарыс және өтпелі шақ. Әрбір кезеңге тән жаттығу, ойын техникасын меңгеру, демалу мен ширау сияқты әдейі ұйымдастырылған оқу-жаттығу формалары бар. Машықтанушылардың спорттық жаттығушыға

бапкерлер дербес жаттығуға тапсырмалар да беруге болады. Бұл – спортшының өз бетімен іздену жұмысының өте болымды формасы. Әрбір шәкірт-спортшы өзінің командалық ойында атқартын қызметіне байланысты әрекетін сапалы атқарудың тәсілін күрделендірудің әдістемесін өз бетінше меңгеруіне жағдай жасайды және оның ойын процесінде кездесетін, оқиғаға алдын-ала дайындығын қамтамасыз етеді. Жаттығушы-спортшылардың өз бетімен орындайтын дербес жұмысы командалық ойын өрнегін берік игеруге ғана мүмкіндік туғызбайды, ол жеке спортшының ойыншы ретін де құнды қасиеттерін өзін-өзі билеушілікті, ұйымшылдықты, өзінің түпкі ойына жету мақсаттылығын қалыптастырады.

Сонымен оқу-жаттығудың әрбір кезеңінің міндеттері мен мақсаттарын және формаларын таңдап алу, біріншіден, жаттығу міндеттеріне, екіншіден, оқу-жаттығу көлемі мен күрделілігіне, үшіншіден,

командадағы спортшылардың жаттығу-спорттық мүмкіншілігіне байланысты. Волейболшылар оқу-жаттығу процесіндегі басты тұлға, егер бапкер әрбір спортшыға жаттығу барысында дербес назар аударып, дер кезінде көмектесе, талапкерге зер салса, онда әрбір волейболшы өзін бапкердің сенімді шәкіртімін деп сезінеді, оның адамгершілік көмегін шын ниетпен қабылдайды. Осындай ынтымақтастық педагогикасы жағдайында барлық жаттығушылар шыныға білуді, ойын өрнегін өзі жасауды сүйеді, өзі таңдаған спорт түрінен болашақ қуаныш зор табыс, мәртебе күтеді.

Волейболшылар үшін әр жылдық оқу-жаттығу жұмыстарының нормаларының дұрыс орындалуы негізгі заңға айналуы қажет. Сол сияқты, арнайы спорттық бағыттағы мектептердің волейболға машықтанушы топтарға арналған төмендегілердей құжаттардың болуы міндетті: оқу бағдарламасы, оқу жоспары, оқу сағаттарының жылдық тізбесі, жеке топтардың командалық жеке дара және болашақ жоспарлары, жаттығу кестесі, сынақбақылау нормативтерін тапсыру кезіндегі нәтижелері көрсетілген құжаттар және жаттықтырушы бапкердің дәріс мазмұны жазылған қолжазбасы, ең кемінде бір айға арналған жұмыс-дәріс жоспары болуы қажет.

Волейболшылардың оқу-жаттығу процесіне кіретін-барлық жаттығу жүктемесі, ойыншылардың күш-қуаты мен шапшаң икемділігін арттыруға арналған дене шынықтыру дәрістері сол сияқты сауықтыруға арналған емдеу-демалу орындарында болу іс-әрекетін алдын-ала мұқият жоспарлауға бүтіндей тәуелді. Олардың ішіндегі ең негізгілері болып есептелетіндер: спорт түріне байланысты күш-қуатты арттыру міндеті, ойын техникасын меңгерту, тактикалық шеберлік мектебін үйрету, теориялық-интегралдық дайындықтар

жиындықтары. Колледждегі дене тәрбиесінің оқу-жаттығу бағдарламасын орындауда оқушылардың тәжірибелік қабілеттері мен спорттық дағдыларды жете меңгеруін, дене шынықтыру даярлығын деңгейі мен жауапкершілігін, спорттың жеке бір түрінен шеберлігін бағалау мақсатында оқуды бітіретін IX-XI сыныптарда дене тәрбиесі бойынша «есептелінетіндігі» туралы байқаулар спорттық жеке түрлерін қатесіз таңдауына жағдай туғызатын негізгі шаралардың бірі, яғни үлкен спорт әлеміне «жолдама» беру деуге де болады.

1896 жылы волейбол ойыны көпшілік назарына ұсынылды, ал 1897 жылы бұл ойынның ережесі жасалынды. Волейбол ойынының Европа мемлекетіне таралуы XX ғасырдан басталған. 1967 жылы Чехословакияда тұңғыш рет алғашқы жарыс ұйымдастырылды да, Франция, Румыния, Ауғанстан, Индия, Қытай, Корея, Жапония және Россияда волейбол ойынын қалаушылардың арнайы клубтары ашылды. 1947 жылы халықаралық волейбол федерациясы (ФИВБ) ұйымдастырылды. Европа мемлекеттерінің алғашқы біріншілігі 1948 жылы дүние жүзінің біріншілігі 1949 жылы өткізілді. Адам баласының ойлап тапқан әрбір пайдалы әрекеттерінің өміршеңдігі оның қоғам мүшелерінің ортақ қазынасына, өмірлік салтқа айналуынан көрінетін шындық. Олай болса біз әңгіме етіп отырған волейбол спорт ойыны – бар ұлт үшін ортақ қазына, өйткені оны өмірге құштар жандар ойлап тауып өмір нәріне енгізген ғой.

Волейбол – біздің халқымыз арасында XX ғасырдың 30-жылдарынан бастап кең жайыла бастаған ойын. Волейбол ойынына тән ерекшелік – оның ұжымдық сипаты, ол жастар үшін тәрбиенің шешуші факторы және біздің қоғам жағдайында бала өмірін ұйымдастырудың негізгі формасы да десе қателеспейміз. Жеке тұлғаның жан – жақты дамуы үшін ұжымда қолайлы жағдайдың болуы қажет. Тұлға жарасымды даму мүмкіншілігін ұжымнан алатын болғандықтан ұжымда тұлғаның бас бостандығы болуы басты шарт. Себебі әрбір өзінің мүшелерін ұйымдастыру қажеттігі қоғамның өзі бетбұрыс ұжым ретінде өмір сүретіндігінен туындайды.

Қоғамда ұжымдарды ортақ іс-әрекеттерінің түрлеріне қарай ажыратады, солардың ішінде спорт ұжымдары шешуші орындардың біріне жатады. Себебі дене тәрбиесі – мәдениет пен спорт, денсаулық кепілі, олай болса ұжымдық іс-әрекетті тез шешуге көмектесетін спорт ойындары, оның ішінде волейбол ойыны және ол ойынға қатысушылар еліміздің әлеуметтік – экономикалық дамуын тездету, қоғам дамуының жаңа деңгейін жоғары дәрежеге көтереді. Осы жағдайда барлық жастағы қоғам мүшелері үшін ортақ спорт ойыны волейбол адамның өмірін, оқуын, спорттық жетістіктерін, жасампаздығын, күш қуат мәдениетін

ұйымдас-тырудың ең тиімді құралы. Волейбол спорт ойынымен айналысатын команда ұжымы – бұл спорттық іс-әрекетімен бірігіп топтасқан белгілі мақсатта бағытталған тұрақты бірлестік екендігін өмір көрсеткен шындық.

Волейбол ойынаушы 12 адамнан тұратын екі команда, миллионға жуық көрермендерді өз төңірегіне жинай қызықтататын керемет спорт ойыны. 1964 жылы Токио олимпиадасынан бастап волейбол ойыны олимпиадалық спорт түрі ретінде танылды. Ал дүние жүзінің кубогы үшін күрес 1965 жылдан бастап өткізіліп келеді. Волейбол ойыны тарихында, оның ережесі туралы көптеген жылдар бойы алауыздықтар болғаны бұл спорт түрінің тарихынан белгілі. Мысалы, 20-жылдарға дейін дүние жүзінде волейбол ойынының екі жүйесі қатар жүріп отырды. Олар еуропалық жүйе, яғни алаңға 6-ойыншыдан тұратын команда шығару және азиялық жүйе, алаңға 9 адамнан тұратын командалар шығару. Бірақ екі контингент өкілдерінің өзара түсінушілігі – дүниежүзілік 6-жүйелі ойын өрнегін қалыптастырды.

Қазақстан үшін волейбол ойыны бойынша жеңісті де жемісті кезең – өткен ғасырдың 60-70 жылдары. 1969 жылы спорт шебері, КСРО-ның еңбек сіңірген жаттықтырушысы Октябрь Жарылғаповтың «Буревестник» ерлер командасы тұңғыш рет КСРО-ның чемпионы атанды, 1970-1971 жылдары Еуропа чемпиондарының кубогын жеңіп

1926 жылы Қызылордада ұйымдастырылды. Қазақстан волейболы 20 ғасырдың 60-жылдары жақсы дамыған. Ол спорт шебері, КСРО-ның еңбек сіңірген жаттықтырушысы Октябрь Жарылғаповтың есімімен тікелей байланысты. Оның құрған «Буревестник» ерлер командасы 1969 жылы КСРО-ның, 1970-71 жылы Еуропа чемпиондарының кубогын жеңіп алды. Қазақстанда тәрбиеленген Валерий Кравченко, Олег Антропов, Надежда Смолеева 1968 жылы Мексикада өткен 19-Олимпиялық ойындардың, 1969 жылы Жәнібек Саурамбаев Еуропаның чемпионы атанды. Мұндай табысқа 1988 жылы С 26-шы Олимпиялық ойындарда Ольга Кривошеева, Елена Чебукина, Татьяна Меньшовалар жетті. Алматының АДК әйелдер волейбол командасы 1984 жылы КСРО-ның чемпионы атанды. Волейболшылардың халықаралық одағы 1924 жылы құрылған; 1992 жылдан осы одаққа Қазақстан Республикасының Волейбол федерациясы мүше.

Тәуелсіздік күніне орай, М.Әуезов атындағы атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің 10 корпусында өткен волейбол ойыны жарысында, біздің колледждің құрама командасы жүлделі 3-орын иегері атанды. Осы спорттық ойын жарысына біздің оқу-орнымыздан қатысқан спортшыларымыз, белсенділік танытты. Ол спортшыларымыздың есімдері: Сандыбаев А.А., Алибаев Қ.Т., Жобай Б.Б., Мамақ А., Таңсық Ә., Амангелді .Е., Нұрманов.Д.Б.



алды. Бірақ сол дәуірдегі даңқ бертін келе көмескілене бастады. Спортшыларымыз еліміз тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін жаңа табыстарға жетті. 1993 жылы «Азамат» волейбол командасы Азия чемпиондары кубогының жеңімпазы атанса, 1993-1997 жылдары Қазақстанның ерлер құрамасы Орталық Азия ойындарының екі дүркін чемпионы ретінде танылды. 2004 жылы

Қазақстанда алғашқы жарыс

Денешынықтыру мәдениетінің өзіндік ұлттық, тарихы дамудағы барлық амалдарын жоғалтпады. Жарыстар мен дәстүрлі ойындар денешынықтыру мәдениетінің ұлттық түрлерінің сақтаушысы, олар біздер, яғни халық болды. Дене шынықтыру жаттығуларының ұлттық түрлерінің өсуімен сақталуын және олардың жаңаша туылуына ұлттық жаңа түдегі мәдениетінің сақтаушысы ол халық болды. Мерекелерде денешынықтыру мәде-

ниетінің ұлттық түрі айқын көрініп отырды. Біздің де Отанымыздың түкпір-түкпіріндегі ұлттық мерекелер тек ойын-сауық ретінде емес, ол әрине спорт жарыстары ретінде де мерекеленіп отырады. Әрбір халық өздерінің ұлттық мәдениетіне кеңестік спорт қазынасын ең жақсы жағынан ендірді.

Қандайда болмасын, спартакиаданы айтпағанның өзінде, тіпті жолдастық кездесуге де арнайы жарыс ережесі жазылады. Содан кейін ғана клубтың басқармасында бекітіледі. Олай болатын себебі, бұл ережеде жарыстың өткізілетін уақыты, орны, кім қатынасатындығы, төрешілер, жарысты өткізуге жауапты адамдар т.б. белгіленеді. Демек, жалдық шаралық жоспар бекітілгеннен кейін әрбір спорт жарысының ережелері жазылады. Бұл ережелер жарыс өтетіннен бір ай бұрын қабырға газетімен бірге хабарландыру бұрышына ілінеді. Ережеде өтетін жарыстың барлық жағдайды, айталық, бірінші кезекте жарысқа қатысқан командалардың және қатысушы спортшылардың саны ескеріледі. Мысалы: жарысқа қатысушылардың саны әр бөлімше тұрғындарының санына байланысты орта есеппен алынады. Себебі, бір бөлімше тұрғындары көп болса, екінші бөлімше тұрғындары аз болады, үшінші бөлімшеде оданда аз болуы мүмкін.

Жарыс қортындысын әр ұжым өздерінше шешеді. Мысалы: жарыс барысында, әр спортшының жарыста алған орындарының қосындысы арқылы шығаруға болады. Сонда аз ұпай жинаған команда, болмаса, спортшы жеңіске жетеді. Күніне екі мәрте спорт залында екі сағат жаттығу өткіземіз. Күнделікті күн тәртібі бойынша жаттығудан соң, таңғы астарын ішіп, сабақтарына қатысады. Қосымша үйірмелеріне барып келген соң, үй тапсырмаларын сол күні орындап, кешкі жаттығуға келеді. Сабақта берілген тапсырманы олар сол күні орындамаса, басқа бос уақыттары жоқ.

«Спорт ол денсаулық кепілі» дей келе, спортшылармызды қуанту үшін әр мезгілге арналған спорттық киімді университет тарапынан қолдау көрсетіліп, жарыстарда киіп, қатысып келеміз. Жоғарыда айтылғандай спорт жанашыры болған жаттықтырушының өзі де бұл ісі үшін ақы алмайды. Біздің волейболда қазір көш бастайтын, аттары аталған ағаларымыз секілді жігері биік, шеберліктері мықты серке ойыншылар мен жаттықтырушылар аз. Сондықтан осындай игілікті істің қасында жүрген жандарды көпшілік біліп, қолдауымыз қажет.

А.САНДЫБАЕВ, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті колледжі дене тәрбиесі пәні оқытушысы

БАЛАЛАР АРАСЫНДАҒЫ ЦИФРЛЫҚ АУТИЗМ ПРОБЛЕМАСЫ



Қазіргі кезде қоғамда көрініс беріп жатқан аурудың бірі аутизм. Аутизм (гр. autos өзiм) – тұлғаның қоршаған ортадан оқшаулануы, өзімен өзі болуы, әлеуметтік өзара әрекеттесудің бұзылуы және эмоционалды саладағы бұзылулар. Бұл ұғымды Э. Блэкер 1912 жылы адамдардың іс-әрекеттерге тәуелділігінің шамалы аффективтік саланың айрықша түрін белгілеуі барысындағы ішкі эмоциялық қажеттіліктерімен реттелетін сипатын айқындау барысында ендірген. Ғылыми айналысқа 1943 жылы ғалым Колвиннің зерттеулері бойынша, яғни аутизм дертін шизофрения дертінен түпкілікті ажыратқан соң ендірілген. Одан кейін аутизмнің генетикалық табиғаты зерттеле бастады және оның психиатриядағы орны айқындалды. 80% аутизм дертіне шалдыққандардың оқу мәселесі күрделенді, өйткені ақыл-ойының кемістігі байқалды. Сол кездегі аутизм диагнозы мүмкін дегендердің тек 17% құраған, ал қалғандары қимыл-қозғалыстарының салдарынан күйзеліске ұшыраған және т.б. ауыруларға шалдыққандар қатарында болған.

Аутизмге ұшыраған балалардың көру арқылы есте сақтау қабілеттері жоғары болады, сол себептен мұндай балаларға көбінесе көрнекті құрал қолдану әдісі ауқымды оқыту әдістемесі ретінде қолданылуда. Сонымен қатар, мұндай балалар математика, музыка бойынша аса дарынды және де бірнеше тілдерді меңгерулері де әбден мүмкін. Бұл тұрғыда көптеген белгілі тұлғалардың жас кездерінде аутизм синдромына шалдыққаны белгілі, ауыруға шалдыққандарымен олардың өз армандарын жүзеге асыруларына кедергі бола алған жоқ. Аутизм дертіне шалдыққан балаларға тән қасиеттер әдеттегі жастан кейінірек байқалады. Яғни сол себепті, аутизм синдромы бар балалар арнайы интернаттарда емес, отбасы жағдайында тәрбиеленулері тиіс, дейді ғалым Е.А. Янушко. Статистикаға сүйенсек дүниежүзі бойынша аутизм ауыруымен ауыратын адамдар саны 65 миллионнан астам. Біздің елімізде де аутизм синдромына шалдыққан балалардың саны күрт өсуде. Сонымен аутизм синдромы – бала дамуының ерте жас кезеңіндегі ауытқушылықтың ауқымды түрі, бұл дерт әлеуметтік қоршаған ортамен қарымқатынас орнатудың

болмауын білдіреді. Қазіргі кезде бұл ауырудың пайда болуының нақты себептері толығымен айқындалмаған, дегенмен аутизмнің туындау себебі ол – орталық жүйке жүйесінің бұзылуы. Сондай-ақ, тұқымқуалаушылық факторының да әсері бар және аутист балалардың миларында органикалық зақымдалу жиі кездеседі. Себептері ретінде: тұқымқуалаушылық хромосомалық өзгерістерді, зат алмасу өзгерістерін, анасының жүктілік кезінде және туу кезіндегі алған жарақаттар, нейро инфекциялар, жағымсыз әсерлерді көрсетуге болады.

Аутизмнің түрі көп. Цифрлы аутизм соңғы 10 жылдықта пайда болды. Ол мультимедиялық плазмалар, планшеттер мен телефондар пайда болған кезде дами бастады. Балалар қалыпты дамымаған кезде неврологиялық кері кету деп атаймыз. Егер «классикалық» аутизмнің туа біткен алғышарттары болса, цифрлы аутизм өсе келе көрініс табады.

Бүгінгі таңда телефоны жоқ адамды елестету қиын. Еңбектеген баладан еңкейген қарияға дейін түрлі гаджеттерді қолданады. Әлемде интернетті пайдаланушылар саны 6 млрд-қа жеткен. Бұл жалпы халықтың 80% астамы.

«Цифрлық аутизм» ұғымының пайда болғанына көп уақыт болмағанымен, оның қазіргі замандағы өзектілігі күн сайын артып келеді, бүгінде әрбір екінші баладан сандық аутизмнің нақты белгілері байқалады.

Аутизм деген сөзге үрейлене қараймыз. Бірақ күн сайын гаджеттің алдында телміріп отыруды қалыпты жағдай санап, смартфонсыз бір сағат қалудан қорқамыз. Ғалымдар ми қызметі бұзылуының жаңа, әлі зерттелмеген түрін «цифрлы аутизм» деп баға берген.

Яғни, компьютер, гаджетте тәулігіне 4 сағаттан артық отыратын балалар мен ересектердің бойында аутизмге ұқсас белгілер пайда болады.

Технологияның қарыштап дамуымен бірге қолданысымызға түрлі термин енуде. Мәселен, номофобия деген ұғым бар. Бұл адамдардың байланыссыз қалудан қорқуы. Үйде смартфонның ұмытып кеткен адам осындай мазасыздықты бастан кешеді. Бұл термин 2008 жылы пайда болып, 2018 жылы Кембридж сөздігіне енген. Ал әлеуметтік желідегі ақпараттардан хабарсыз қалудан қорқатындар – фомофобияға ұшырағандар. Бұл термин де 2013

жылы ресми түрде Оксфорд сөздігіне енген. Мұндай психологиялық дертке душар болғандар әлеуметтік желі қолданушыларының жылы сөзі мен жағымды пікіріне мұқтаж. Ғалымдар бұл ахуал туралы «XXI ғасырдағы ең ауыр тәуелділіктің бірі болуы мүмкін» деген болжам жасаған. Тіпті, оны психикалық ауытқу ретінде диагностикалық емдеуге тіркеуді ұсынған. Осылайша, медициналық терминдердің ресми тізіміне кірмесе де, қоғамда «цифрлы аутизм» дерті белең алып барады. Әсіресе, бүлдіршіндердің цифрлы аутизмге шалдығуы көп кездеседі. Бұл – неврологиялық дерт. Аутизм принципі: «мен көрмеймін – естімеймін – айтпаймын».

Цифрлы аутизм балалардың бір жарым жасында, сөйлеу қалыптасқаннан кейін басталады және ішекпен тікелей байланысты. Біз барлық ақпаратты ауыз арқылы қабылдаймыз. Дәмдік анализаторлар және баланың заттарды зерттеуі – мұның бәрі сынақ әдісімен дамиды. Дамудың осы тармағындағы маңызды сәт-баланың 6 айлық жасы, жарма, картоп еzbесі және тағы басқа қосымша тамақ енгізілген кез. Әдетте сәбилер тыныш отырмаса, ата-аналар мазасын алмау үшін қолына планшет

ұстатып, тамақ береді. Цифрлы аутизмнің алғашқы кезеңі де осы кезде басталады. Бұл өте қауіпті. Өйткені тамақ ішіп отырған баланың жұтқыншағы ішкі ағзалармен байланысты. Телефон қарап отырып тамақ ішкен баланың жеген тамақтарын ми қабылдамайды. Себебі ми бәрін түсінеді: тамақты шайнау керегін біледі. Осылайша артикуляциялық дағдылар дамиды, ата-ана балаға тамақтану кезінде планшет берген кезде мидың тектоникасы бұзылады. Әдетте адамның миы не жеп отырғанын, қалай жеу керегін бақылап, ағзаларға сигнал беріп отырады. Ал бұл жағдайда мидың ақпаратты қабылдау функциясы бұзылады. Ми тек планшетке қарап отыруды қабылдайды. Кейін бала планшетсіз тамақ жей алмай қалады. Цифрлы аутизммен ауыратын балалар смартфонға қарамаса тамақ жей алмайтын деңгейге жетеді. Сондықтан жас ата-аналар біріншіден ішек пен мидың өзара байланысын білуі және түсінуі керек. Адам шайнаған кезде, ол шайнап жатқанын түсінуі керек. Екінші маңызды мәселе - әңгімелесу. Баламен үнемі сөйлесіп бәрін түсіндіру керек. Ата-аналар балаға ол кішкентай және түсінбейді - мұны істеу мүмкін емес деп бәріне рұқсат бермеуі керек. Бала ненің дұрыс, ненің бұрыс екенін біліп өскені жөн. Бала тамақ ішетін кезде планшетті іздесе, теледидар көріп отырып тамақ ішкісі келсе, ұйықтар алдында телефонды жиі пайдаланса, сырттағы адамдардың эмоцияларын түсінбесе, бұл - цифрлы аутизмнің белгілері. Бала планшет арқылы ғана әлемді қабылдайды. Сондықтан ата-аналар балаларымен шынайы өмірде қарым-қатынас жасай алмай қалады.

Жақында француз дәрігерлері бір ай бойы гаджеттерден бас тартқан кейбір балалар аутизм белгілерінен айыққанын анықтады. АҚШ-тың Педиатрия академиясы екі жасқа толмаған балаларды гаджеттерге тіпті жолатпауға, одан үлкендерін екі сағатпен шектеуге нұсқау берді. Ресейлік психотерапевтер де виртуалды кеңістікте өмір сүретін балаларда «цифрлы аутизм» пайда болатынын анықтаған. Мұндай адамдар кәдімгі қарым-қатынастан біртіндеп қаша бастайды. Дертті асқындырмау үшін ата-аналардың өздері телефондарын тастап, балаларымен әңгімелесіп, ойнауы керек, көңіл бөлгені абзал.

Цифрлы аутизмнің термині медицинаға әлі тіркелмегендіктен, сәйкесінше ресми диагнозы жоқ. Бірақ сәбидің тілі тым кеш шығатын болса, атын атап шақырғанда естімегендей мәңгіріп отырса, балалармен тіл табысып ойнай алмаса, яғни себепсіз ашулануы - осы кеселдің басы. Мұндай балалардың қандай да бір ойынға, іске деген қызығушылықтары да шектеулі болып келмек.

Баланың тілі шықпай, ой-өрісі әлдеқайда артта қалса - бұл да цифрлы аутизмнің белгілеріне жатады.

Аутизмді қарапайым тілмен түсіндірсек - ол ми қызметі дамуының бұзылуы.

Жалпы, аутизмнің 98 түрі бар. Бірақ аутизм дәрі ішіп емделетін ауру емес. Цифрлы аутизмды емдеудің нақты тәсілдері жоқ. Тек бұл дерттің алдын алуға болады. Мысалы, Еуропада цифрлы аутизмге шалдыққан баласымен ата-аналар тек смартфонда сөйлеседі. Гаджетте баласымен бірге түрлі ойын ойнап, жақындай түседі. Белгілі бір уақыт өткенде ғана виртуалды әлемнен оралып, балаларын сыртта футбол ойнауға шақырады. Бірақ баланың өмірінен смартфонның үлесін азайту көп еңбекті талап етеді.

2 сәуір жыл сайын дүниежүзілік аутизм туралы ақпарат тарату күні ретінде атап өтіледі. Ол БҰҰ Бас Ассамблеясының 2007 жылы 18 желтоқсанда аутизммен ауыратын балалардың көптігіне алаңдаушылық білдірген қарарымен құрылған.

«Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметтері бойынша 160 баланың біреуі немесе балалардың 0,6%-ы аутизм спектрінің бұзылуынан зардап шегеді (бұл көрсеткіш Солтүстік Америка мен Еуропа аймақтарындағы елдер үшін орташа көрсеткіш). Соңғы 13 жылда Қазақстан Республикасында аутизммен ауыратын балалардың 2008 жылғы 37-ден (100 мыңға 0,8) 2020 жылы 756-ға (100 мыңға шаққанда 12,7) дейін айтарлықтай өскені байқалады.

Бұл біздің қоғамның ғана емес, бүкіл әлемнің актуалды мәселесі. Айталық, сенаторлар «цифрлы аутизм» мәселесіне алаңдап, Премьер-Министрдің орынбасарына депутаттық сауал жолдады.

Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымының мәліметіне қарасақ, әрбір жаңа туған баланың 68-і аутикалық спектр ауытқушылығы бар, бұл көрсеткіш жылына 13 пайызға өсіп отыр. Ғалымдардың айтуынша, аутизм - «XX ғасырдың обасы». Ал цифрлық аутизм - XXI ғасырдың дерті дейді Сенат депутаты Нұртөре Жүсіп.

Оның айтуынша, қазір дүниежүзінде, соның ішінде Қазақстанда «цифрлық аутизм» белгілері байқала бастаған. Яғни, смартфонды ұзақ ұстайтын балалар есте сақтау, көру, сөйлеу қабілетінен айырылып, өз бетінше ойлауы, ұзақ мәтіндерді қабылдауы, айналаға назар аударуы қиындады. Өйткені ата-ананың 65 пайызы балаларына 3-5 жастан гаджет ұстатады. Оқушы балалардың 40 пайызының өз ақкаунты бар. Осының салдарынан балалар аулаға шығып ойнамайды, бұған онлайн оқу қосылды. Бір сөзбен айтқанда, қолына «смартфон ұстап туған» буын өмірге келді. Кибермания сұмдық жылдамдықпен өрістеп жатыр. Цифрлы аутизм, цифрлы ақыл-ес кемдігі, фейсбук-депрессия, цифрлы Альцгеймер, цифрлы теңіз ауруы ресми болмаса да тіркелді. Онлайн ойындарға тәуелділікті де осы қатарға жатқызуға болады, - деп дабыл қаққан еді депутат.

Осыған орай сенатор цифрлы аутизмнің алдын алу үшін Үкіметке бірнеше ұсыныс тастаған еді. Соның ішінде Қазақстан мектептеріне «Балалар сөзі» 100 томдығына кірген қазақтың жыр-дастандары мен термелерін жаттатып үйретуді енгізу және киберманияның зияны туралы Қазақстан мектептері мен мектепке дейінгі дайындық мекемелерінде ата-аналар комитеті, ата-аналармен жұмыс істейтін түрлі қоғамдық ұйым қызметін жүйелі түрде ұйымдастыру.

Әрине, ғылым мен техника жетістіктері осы салада жатыр. Әйтсе де, компьютер мен смартфонға «басымен кіріп кеткен» жас ұрпақты сақтандыру амалы бар ма? «Касперский лабораториясы» ата-аналар бақылауы деген функция енгізді. Қауіпті контенттерді шектейтін амалдар бар. Жапония мен Франция, Қытай заңнамасы не дейді? Былтыр Жапонияда интернет пен бейне ойындарды күніне бір сағатқа шектеу туралы шешім шығарылған. Франция мемлекеті де бұл қауіптің алдын алу әрекетін жасауда. Қытайда киберкеңістік мәселелерін реттеу шаралары қолға алынған. Алайда тыйым салумен іс біте ме? - дейді сенатор.

Шынымен де, цифрлы аутизммен қазір күреспесек, ертең бәрі кеш болуы мүмкін. Бала бүлдіршін кезінде ненің бұрыс, ненің дұрыс екенін өзі бақылай алмайды. Осылайша, смартфонға телмірген бала ойлаудан, қиялдаудан қалады. Ал ой-өрісі дұрыс дамымаған бала ертең қоғамға да пайдасын тигізбейтіні анық.

Сондықтан бұл дертпен күресудің жолы - балаға телефон бермеу. Ата-аналар да үйге келгенде телефон ұстамауы керек. Өйткені цифрлы аутизм эпидемия сияқты тез таралады. Соңғы уақытта пси-

хологтер күй арқылы да балалардың цифрлы аутизмін емдеп жатыр.

Ми адамның дене салмағының 2% құрайды. Бірақ барлық энергияның 20% жұмсайды. Балаларда бұл көрсеткіш 40%-ға тең. Ал ас қорытуға небәрі 8-15% ғана энергия керек. Сонда күн сайын біздің миымыз кемі 500 ккалория жұмсайды. Алайда біз көбіне жұмыс барысында назарымызды көбірек телефонға бөлеміз. Кейде жұмыстан демалу үшін гаджет қараймыз. Бірақ ғалымдардың айтуынша, смартфонға қарағаннан адам дем алмайды. Керісінше, ми смартфонға қараған сайын энергияны көбірек алады. Осылайша, мидың 80% жұмысы телефондағы пайдасыз ақпараттарға жұмсалады. Соңғы жылдары «сандық детоксикация» деген ұғым пайда болды. Яғни, адамдар цифрлық технологиялардан саналы түрде белгілі бір уақытқа бас тартады. Ағзаны зиянды, улы қалдықтардан құтылу үшін «детоксикация» жасалынатын болса, ми, ақыл-есті қажетсіз ақпараттардан арылту үшін де осы әдіске жүгінеді. Смартфоннан тәулік бойы бас алмайтын, телефоннан бір сәтке көз жазса мазасызданатын адамдар осы тәсіл арқылы шынайы өмірге орала алады. Қазір тіпті адамдардың «цифрлы тәуелділігіне» қарсы күресетін арнайы курстар да пайда болған.

Цифрлы аутизмді тек балалар бойында кездеседі десек қателесеміз. Егер сіз дастарқан басында телефонға қарап отырып тамақ ішетін болсаңыз, үнемі әлеуметтік желідегі жаңалықтардан құр қалғандай сезімде жүрсеңіз, бұл дерт сізде де бар.

ҚАЛҚАБАЕВА С. А.
биология және география кафедрасының профессоры, медицина ғылымдарының докторы, университеттің Құрметті профессоры.



Научные достижения студентов

Студенты кафедры «Русский язык и литература» принимают активное участие в жизни университета, а также участвуют в различных мероприятиях, конференциях и проектах, проводимых как в стенах университета, так и за его пределами, в других городах.

17-18 октября 2024 года в городе Усть-Каменогорск на базе Восточно-Казахстанского университета им. С.Аманжолова студенты нашей кафедры приняли участие в XVI Республиканской предметной олимпиаде студентов по образовательной программе «Русский язык и литература» под руководством научных руководителей: к.ф.н., доц. Шакеновой М.Т., к.п.н. Калдыкозовой С.Е., магистра Адырбековой Н. Команда студентов 2 курса: Курманбекова Жанна(ФИ-23-8р), Розикова Милана (ФИ-23-2р), Корганова Алина (ФИ-23-2р) заняла третье почетное место в творческом конкурсе этой олимпиады.




22.11.2024г. на факультете филологии состоялась студенческая научная конференция на тему «Искусственный интеллект», в которой студенты кафедры русского языка и литературы принимали активное участие.

На конференции были обсуждены научные работы, рассмотрены актуальные лингвистические проблемы в языковой сфере, где каждый студент раскрыл значимость и новизну своей исследовательской темы. Все научные темы и презентации, представленные на конференцию, позволили сделать творческий шаг к решению и обсуждению актуальных проблем языкознания и литературоведения в связи с инновационными преобразованиями в системе высшего образования Республики Казахстан. В предоставленных научных работах были изучены и рассмотрены актуальные вопросы и современные проблемы русского языка и литературы. Особое внимание было уделено восприятию искусственного интеллекта в современном мире. В ходе конференции

были выявлены лучшие работы студентов, которые отвечали всем требованиям. Решением членов комиссии нашим студентам были присуждены почетные 1 и 2 места:

1. Специфика коммуникации геймеров - студентка гр. ФИ-23-2р, Розикова Милана (научн.рук., к.ф.н. Шакенова М.Т.)
2. Как мы беседуем с искусственным интеллектом - студентка гр. ФИ-24-2р1, Исачева Вероника (научн.рук., к.п.н. Шакенова М.Т.)

Ерметова Р.Е.
старший преподаватель кафедры
«Русский язык и литература»



Университет кітапханасының ресурстары цифрлық кеңістікте

Білім алу мен оқу процесінде дәстүрлі кітапханалардан гөрі электронды кітапханаларды қалайтын білім алушылардың саны өсуде, сол себепті цифрландыру дәуірінде электрондық кітапханалардың алатын орны ерекше болып отыр. Кітапхана ақпараттарды жинап, сақтаушы орын ғана емес, әр түрлі ақпарат көздерімен жұмыс істейтін мекеме болғандықтан, өз бетінше білім алу үшін ізденіс әрекеттерін үйретуге, ғылыми-зерттеу қызметін дамыта отырып, сауатты пайдаланушыны қалыптастыруға үлес қосады.

Қоғамның ақпараттық-технология платформасына көшуі, кітапхана қызметінің жаңа бағытқа өзгеруіне алып келді: бағдарламалық қамтамасыз ету, заманауи программаларды игеру, оргтехникаларды түр ерекшелігіне қарай қолдану, желілік технология арқылы Интернет-ресурстарын оқу және пайдалану, ірі баспалардың (отандық және шетелдік) толықмәтінді деректер қорының электронды почталарын білу, құжаттарды электронды жеткізу, кітапхананың web- сайты немесе әлеуметтік желілер арқылы пайдаланушыларға виртуалды қызмет көрсету және т.б.

Университет кітапханалары дәстүрлі әдістер мен заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды шебер ұштастыра отырып, пайдаланушыларға қызмет көрсетуде бірқатар маңызды өзгерістерге ұшырады. Жаңа технологиялар кітапханалардың дамуы үшін заманауи цифрлық ортада бұрын болып көрмеген мүмкіндіктерді әкелді.

Жоғары оқу орындары кітапханаларының материалдық-техникалық базасының жасақталуына айтарлықтай ықпал ететін, өзіне-өзі қызмет көрсетуді, кітап қорының барынша сақталуы мен жылжуын бақылауды, қорғау және ұрлануына қарсы функцияларды іске асыруды қамтамасыз ететін RFID-технологиясының мүмкіндіктері кітапхана ісінің трансформациялануына алып келіп жатыр. RFID технологиясының маңыздылығы: кітаптарды идентификациялау арқылы оқырманның рұқсатсыз алып кетуінен қорғау функциясы жүзеге асады; кітап беру станциясының активация мен деактивация арқылы бір мезгілде бірнеше кітаптарды оқырманнан қабылдауға және кітап беруге болады; кітапхана қызметкерлерінің көмегінсіз-ақ оқырмандардың өзі-өзіне қызмет ету станциясы арқылы кітап алуына мүмкіндік береді; қордағы кітаптардың баржоғын түгендеу үшін инвентаризациясын тез жүргізуге болады. Кітапхананың қоры түгелдей электрондық каталогқа енгізілген жағдайда RFID жүйесін енгізу процесі жылдам жүзеге асады.



Кітапхана ісіне жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың енгізілуі электронды кітапхана жүйелерін құруға әкелді. Электронды кітапхана жүйелері қазіргі уақытта университет кітапханалары үшін білім беру және танымдық ресурстар кеңістігінде ерекше орын алады. Электронды кітапхана жүйесі бүкіл әлемде қарқынды дамуда. Университеттерде студенттерді оқыту және олардың білімін бақылау, сабақтан тыс және тәрбие жұмыстарында, ғылыми зерттеулер мен оларға қызмет көрсетуді басқаруда цифрлық технологиялар кеңінен қолданылуда.



RFID-технологиясын енгізу арқылы қордағы кітаптардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сәредегі кітаптардың орналасуын реттеу, кітап сақтау қоймасындағы кітаптарды инвентаризациялау, кітаптарды идентификациялау, ашық қолжетімді қор ұйымдастыру, рұқсат етілмеген кітаптарды алып кетуден қорғау, оқырмандардың контингентін анықтау, кітаптың айналымы мен оқырманның сұранысын бақылау функцияларын жүзеге асыруға болады.

Қазіргі таңда кітапхана ісін жаңғыртудың кешенді негізгі аспектілерінің бірі ақпараттық технологияларды дамыту және кітапханалар қызметін цифрлық трансформациялау еліміздің барлық кітапхана жүйесінің үлесіне тиесілі.

Кітапханаларды цифрлық түрлендіру мынадай өзгерістерге әкеліп отыр: кітапханалық қызметтерді қамтамасыз ететін негізгі процестерді цифрлық технологияларға көшірілуі; ашық кітап қорына еркін қолжетімділік; IT қоғамдастықпен серіктес қатынастар құрылып және кітапханалардың цифрлық ортаға енуі; заманауи өзіне-өзі қызмет көрсету технологияларын пайдалануға негізделген ашық кітапхана үлгісіне (OPEN+) енуі, кітапхана жұмысы уақытының ұзаруы; құжаттарды автоматты түрде жіктеу және пәндістіруде жасанды интеллект әдістерін қолданатын толық мәтінді ресурстардың енуі.

ЖОО кітапханасының миссиясы университеттің барлық білім беру бағдарламаларына қажет деп та-

нылған ақпараттық ресурстарға қолжетімділікті қамтамасыз ету болып табылады. М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің Ақпараттық білім беру орталығы білімнің жоғары сапаға жетуіне және жоғары білікті мамандарды даярлауға белсенді ықпал етіп, университеттің білім беру бағдарламаларына сәйкестендіріліп ұйымдастырылған кітап қорымен және заманауи ақпараттық электронды ресурстарымен қызмет көрсетеді. Цифрлық кеңістікте ғылымды дамыту мен білім беру процестеріне көмектесу үшін қазақстандық «ZAN» деректер қорына, «Аknurpress» цифрлық кітапханасына, «Республикалық жоғары оқу орындары электронды кітапханасына», «Әдебиет», «Open.kz - Қазақстанның ашық университеті», «Kitap.kz» және т.б.; халықаралық Web of Science (WOS), Wiley, Scopus, eLibrary, IPR SMART электрондық кітапханалар жүйесінің ресурстарына қолжетімді. Ресурстарға қолжетімділік университеттің IP-адресі бойынша іске асырылады.

Электронды кітапхана жүйесінің міндетті элементтерінің бірі ол өзіндік мәлімет базасы болып табылады. М.Әуезов атындағы ОҚУ ғалымдары еңбектерінің электрондық нұсқаларын пайдаланушыларға «AlmaMater» мәлімет базасы <http://www.articles.ukgu.kz/>, мультимедиялық кітаптары мен видеолекцияларын Softbooks_auezov_bot <https://www.smart-kitap.kz/> платформасы арқылы үздіксіз қызмет көрсету режимінде ұсынады. Мәлімет базасы оқу процесіне қажетті цифрлық сипаттамадағы профессор-оқытушы құрамының оқулықтарына, оқу әдістемеліктеріне қолжетімділігін қамтамасыз етіп отыр. Электрондық ресурстарды құру және дамыту бойынша жұмыс жасау кезінде АББО әртүрлі заманауи цифрлық құралдар мен қызметтерді пайдаланады. Кітапхана қызметінде қолданылатын онлайн қызметтерінің арасында мыналар бар: виртуалды анықтамалық қызмет, QR-код.

Жаһандық цифрлық кеңістік университет кітапханалары үшін жаңа нұсқауларды айқындайды, олардың қызмет бағыттарын өзгертуге мәжбүрлейді. Университет кітапханалары студенттерге білімді меңгеруге, бірыңғай цифрлық кеңістікте дағдыларды қалыптастыруға, соңғы цифрлық технологияларға, жаңа цифрлық құзыреттерге негізделген білім мазмұнын меңгеруге көмектесетін мекеме.

Г.К.МЫНБАЕВА,
М.Әуезов атындағы ОҚУ,
Ақпараттық білім беру орталығы
директорының орынбасары

Жаңа бастама бастауы

Алғаш, тұңғыш рет арнайы Биоэтика жөніндегі комиссия құрамын 2024-2025 оқу жылына бекіту туралы М.Әуезов атындағы ОҚУ Басқарма басшысы-ректоры м.у.а. Ғ.Бесбаевтың бұйрығы 09.10.2024 ж. №226-нқ., тіркеу №0015729. бекітіліп, бірнеше ғалым, оқытушы-профессорлар құрамымен ақылдаса, кеңесіп, ғылыми кеңесте көпшілікпен іс жүзеге асты.

Зерттеуді жоспарлау, жүргізу, сондай-ақ аяқтау кезеңдерінде зерттеуге қатысушылар мен зерттеушілердің қауіпсіздігін, денсаулығын, құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету, зерттеулерге тәуелсіз биоэтикалық сараптама жүргізу мақсатында «Биоэтика жөніндегі комиссия» төмендегі өте тәжірибелі маман 5 оқытушы профессор құрамында бекітті. Комиссия төрағасы: – Тұтқышбай Ибрагим Асқарұлы «Ветеринарлық медицина» кафедра доценті, в.ғ.к., комиссия мүшелері: - Әжібеков Бақытжан Аманханұлы комиссия хатшысы, «Ауылшаруашылық биотехнологиясы» ғылыми зерттеу зертханасының меңгерушісі, а.ш.ғ.к., Тұрымбетов Бекболат Сапарұлы «Ветеринарлық медицина» кафедра профессоры, а.ш.ғ.д., Байжанов Кеңес Серікұлы «Ветеринарлық медицина» кафедра доценті, а.ш.ғ.к., Жылқыбаев Әсет Кеңесбекұлы «Өсімдік шаруашылығы және мал шаруашылығы» кафедрасының меңгерушісі, б.ғ.к.тағайындалды.

Жаңа бастама бастауы сапа менеджмент жүйесі Биоэтика бойынша жергілікті комиссия туралы ережелері толық стандарттарға сай қамтылған, нормативтік құжаттардың негізінде қол қойылып, мөр басылып пысықталып әзірленді. «Биотехнология» орталығының басшысы, профессор Н.Алибаев, Б.Әжібеков, Аграрлық факультеттің деканы Г.Р.Тастанбекованың көрегендігімен т.б. басшылармен кеңесіп, ақылдаса отырып мақсат пен міндеттері шешілді, жоспарланған ғылыми-зерттеу жұмыстардың биоэтикалық сараптамаға ұсынылатын, әзірленетін құжаттар тізімі айқындалды.

Биоэтика жөніндегі жергілікті комиссия - ғылы-



ми-зерттеу құжаттарына тәуелсіз сараптама жүргізуге арналған университеттің ішкі органы болып табылады. Зерттеуді жоспарлау және енгізу кезеңдерінде жануарларды пайдалану қауіпсіздігін тәуелсіз бағалау, клиникалық сынақ хаттамасының тиісті клиникалық және ғылыми тәжірибе стандарттарына сәйкестігін бағалауды көрсетеді.

Алғашқы Биоэтика жөніндегі комиссия мүшелерінің

бірінші отырысында ғылыми жобаларды гранттық қаржыландыру конкурсына қатысуға 2025-2027 жж. 1 жоба талқыланды «Ауылшаруашылық биотехнологиясы» ғылыми зерттеу зертхана орталығынан, 24.10.2024ж., кезекті мәселеде ғылыми жобаларды гранттық қаржыландыру конкурсына қатысуға 2025-2027 жж. 2 жоба талқыланды 24.10.2024ж., және кезекті екінші отырысында ғылыми жобаларды

гранттық қаржыландыру конкурсына қатысуға 2025-2027 жж. 1 жоба «Жас ғалым» талқыланды «Ветеринарлық медицина» кафедрасынан 30.10.2024ж.

1. Жоба атауы: AP26198107 - Қатерсіз және қатерлі ісіктерге қарсы емдік сарысуларды әзірлеу және ауылшаруашылығы жануарларына қолдану.

2. Тема проекта: «Разработка безотходной технологии получения отечествен-

ного гонадотропного препарата, используемого в воспроизводстве для интенсивного развития животноводства».

3.Тема проекта: Разработка метода ускоренной диагностики су-ауру лошади.

4. «Жас ғалым» Тема проекта: Разработка препарата «НематоSTOP» против смешанных гельминтозов овец и его изучение лечебной эффективности».

Басым бағыттары: Агроөнеркәсіптік кешеннің дамуы. Мамандандырылған ғылыми бағыт: Ветеринария. Ғылыми бағыттың зерттеу саласы: Облыс ауыл шаруашылығы және ветеринария ғылымдары. Зерттеу түрі: Қолданбалы зерттеулер.

Өткен жылдардағы сын ескертпе (доработка) бірінде, биоэтика жөніндегі комиссия отырыстарында зерделі талқыланбаған, хаттама түзілмеген т.б. ескертілген болатын, сол себепті биылғы оқу жылында өкіммен осы мәселелерді дереу қолға алдық, айғағы жоғарыда көрсетілген ғылыми тақырыптар, биоэтика жөніндегі жергілікті комиссиямен әділ өтті.

Комиссия құрамына зерттеушілер мен тапсырыс берушіге тікелей тәуелді емес тұлғалар кіреді. Тиісті біліктілігі бар (ауылшаруашылық жануарлар жөніндегі ғалымдар, ветеринарлар, биологтар және биотехнологтар), жұмыс тәжірибесі, жеке қасиеттері, міндеттемелері және этикалық, экологиялық және құқықтық мәселелер бойынша білімі бар адамдар, мүшелері болады.

Ибрагим ТҰТҚЫШБАЙ,
М.Әуезов атындағы ОҚЗУ
доценті, в.ғ.к., «Болашақ»
халықаралық стипендия
лауреаты



ТІЛ БІЛУ – ТАБЫС КІЛТІ

Тіл – адамдар арасындағы қатынас құралы, өйткені адамдар қоғамдық өмірде бір-бірімен тіл арқылы сөйлеседі, пікір алмасады, ойын жеткізеді. Тіл арқылы біз оқып, білім аламыз, ойлаған, жоспарлаған, армандаған асулардан асамыз.



Әлемде 200-ден астам мемлекетте әртүрлі ұлттар мен ұлыстар өмір сүреді. Олар түрлі дінде, өзгеше бір-бірінен ажыратылып тұратын тілде сөйлейді. Бұл заңды құбылыс.

«Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі ілім біл» деген сөз бекер айтылмаса керек, қазіргі XXI ғасырда бір ғана тілді меңгеру аздық етеді. Қазақстан демократиялық мемлекет, яғни көп ұлттан тұратын ел болғандықтан орыс тілі де кеңінен қолданылып келеді. Сонымен қатар, ағылшын тілін де меңгеру заман талабына айналууда. Көп тілді білу адамға ең бірінші жаңа мүмкіндіктер мен сенімділік сыйлайды. Араласатын ортасы кеңейіп, өмірге деген көзқарасы өзгереді. IT технологиялар дамыған заманда жұмысқа орналасу кезінде де айтарлықтай басымдық беріледі. Мектеп қабырғасынан бастап көптілділікке бағыттау – болашақта қиналмай өз орнын табуға көмектесері анық. Сондықтан жас кезден бастап білімге, тіл үйренуге қызығушылықты арттырып, мүмкіндігінше оларды жетілдіруге күш жұмсау қажет. ҚР «Білім туралы» Заңының 5-бабында «Барлық оқу орындары мемлекеттік жалпы міндетті стандартқа сәйкес мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін білу мен дамытуды, орыс тілі және бір шетел тілін оқып үйренуді қамтамасыз

етуге тиіс» деп көрсетілген. Соған байланысты елімізде тіл саясатын дамытуда біршама жаңа бағдарламалар мен жаңа жобалар енгізілді. Осыған орай соңғы бағдарламалардың бірі «2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдама» жобасы қабылданды. Онда мемлекеттік тілге басымдылық беріліп, тілді кеңінен дәріптеуді қолға алу керектігі көрсетілген. Жалпы білім саласына айтарлықтай қолдау білдіретін бағдарлама болмақ.

Осы орайда қосымша тіл курстарын оқыту мен тіл үйрету және мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру мақсатында М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінде Тілдерді дамыту бөлімі жұмыс жасайды. Онда бөлімнің университетішілік тіл курстарын ұйымдастырып келе жатқанына 18 жылға аяқ басты. Осы уақыт ішінде қазақ, орыс, ағылшын тілдерінен бөлек қытай, корей, неміс, француз, испан, итальян, араб, түрік тілдерінің курстары да ашылған. Қазіргі таңда Тілдерді дамыту бөлімінде қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі және ісқағаздарын мемлекеттік тілде жүргізу курстары ұйымдастырылууда. Мұндағы мақсат университет оқытушы-профессор құрамы, құрылымдық бөлімше қызметкерлері мен білім алушыларға тіл үйренуде қолайлы жағдай жасау, алыстан білім іздемей тегін,

сапалы білім ұсыну. Сонымен қатар, тілдік деңгейлерін жоғарылатуға көмектесу, шет елдерде білім алуына мүмкіндіктер туғызу.

Университеттің стратегиялық даму бағдарламасы аясында 2023 жылдан бастап ағылшын тіл курстары ақылы негізде ұйымдастырылууда. Онда бастапқы Beginner және Elementary деңгейлері және ағылшын тілінің оқытушы-профессор құрамына, пәндерді ағылшын тілінде оқытатын оқытушыларға, іс-тәжірибелерін дамытып, арттыруға арналған ағылшын тілін оқытудың әдіс-тәсілдері мен Leadership course (Көшбасшылық қабілетін дамыту) - ақылы. Ал, қалған деңгейлер Pre-Intermediate, Intermediate, Speaking club ақысыз негізде жүргізілуде. Курстар аптасына 5 рет, 1 сағат 40 минуттан өтіледі. Жалпы курстың оқыту мерзімі 2,5 айды құрайды. Курс соңында университет тарапынан сертификаттар беріледі. Бөлімде голландиялық, пәкістандандық, «Болашақ» бағдарламасы бойынша Америка Құрама Штаттарында тағылымдамадан өтіп келген, көп тілді меңгерген білікті оқытушы – педагог мамандар жұмыс жасайды. Жыл сайын 300-400-ге жуық тыңдаушылар үш тіл бойынша курста оқытылады. Бөлім тыңдаушылары да нәтижелі жемістерін көрсетуде. Тіл курстарына

қатысып, тілдік деңгейлерін жоғарылатқан тыңдаушылар TOEFL, IELTS емтихандарын сәтті тапсырып, университетіміздегі Болон процесі және академиялық ұтқырлық орталығының қолдауымен шетелдік университеттерде білім алуда. Сонымен бірге, жоғары оқу орнынан кейін белді университеттерде біліктіліктерін шыңдауда.

Қорыта келе, «Бір тіл білсең бір адамсың, екі тіл білсең екі әлем адамысың» демекші тіл білудің пайдасы ұшан теңіз екені қазіргі таңда тайға таңба басқандай белгілі. Әлемдегі түрлі елдерді емін-еркін аралап, адамдармен араласып, қызықтырған сұрақтарыңды қойып, танымал компанияларда қиналмай жұмысқа тұрып, өміріңнің сапасын жақсартуда тіл білудің орны ерекше. Әлемді өзгертің келсе өзіңді бірінші өзгерт, сонда әлем сенімен бірге өзгертін болады.

Өмірде ойып алар орныңыз болғанын, өз-өзіңізге сенімді, әрі мүмкіндіктер есігі сізге ашылғанын қаласаңыздар, Тілдерді дамыту бөлімімен тілдік деңгейлеріңізді жоғарылатып, биік шыңдарды бағындырыңыздар. Сізден талап, бізден сабақ!

А. ЖАМАНТАЕВА,
Тілдерді дамыту бөлімінің жетекшісі